ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

АҚМЕШІТ жастары

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 18 (399)
7 мамыр, 2021 жыл

Жіеітті жылы сөз шыратпайды, қатты сын шыратады

(М.Әуезов)

7 мамыр Отан қорғаушылар мерекесінің қарсаңында, «Ақмешіт жастары» редакциясы түрлі саладағы белсенді қызметкерлердің үздігін топтастырып, «Жігіттің сайыпқыранын» анықтады. Басылымның электронды сайты арқылы ұйымдастырған байқауда Абылай Мирамбекұлының мерейі үстем болды. Оқырманның оң бағасын алып, жеңімпаз болған Абылаймен әңгімелестік.

Абылай САМЫРАТОВ, қалалық жұмыспен қамту орталығының маманы:

РАҚМЕТІ АЗ, САУАБЫ КӨП ЖҰМЫС

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

Абылай САМЫРАТОВ

– Абылай, «Ақмешіт жастары» басылымы ұйымдастырған байқаудың жеңімпазы болуыңмен құттықтаймыз! Оқырманға өзіңіз жайлы айтсаңыз...

– 1997 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде дүниеге келдім. №35 лицейде білім алып, кейіннен Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да әлеуметтік сала мамандығы бойынша білім алдым. Қазір мамандығым бойынша Қызылорда қалалық жұмыспен қамту орталығында жұмыс істеймін. Жұмыссыз жүрген азаматтардың жұмысқа тұруына ықпал етіп, жұмыс ұсынып, жолдама береміз.

– Өте күрделі, ауқымды сала қызметкері екенсіз. Бұл сала сізді несімен қызықтырды?

– Бала күнімнен кісі алғысын алғанды жаным сүйетін. Ауылдағы ата-әжелердің «Өркенің өссін», «Алла бағыңды бересін» деген сөздерінен шабыт алатынмын. Содан болар осы салаға деген қызығушылық пайда болды.

– «Әлеуметтік сала қызметкерінің жұмысы ауыр, жалақысы аз» деп жатады. Бұл қаншалықты рас?

– Рас, жұмысымыз ауыр. Әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы саны көп. Енді олардың санын азайту мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Ал жалақы мәселесі кезең-кезеңімен шешімін табады деп ойлаймын.

– Білуімше, көгалдағы хоккей спорт түрімен айналысыпсыз. Тіпті спорт шеберіне үміткердің бірі екенсіз...

– Бала күнімнен бірнеше спорт түрімен шұғылдандым. Соның ішінде жаныма жақын болғаны – көгалдағы хоккей. 2011 жылы Талдықорған қаласындағы ҚР чемпионатында топ жарып, чемпион атандым. Сол чемпионаттан соң, спорт шеберіне үміткер атағын алдым. Бүгінде қызметтің жетегінде жүріп, үлкен спорттан алшақтап қалдық.

– Жұмыссыз жүргендерді жұмыспен қамту деп қалдыңыз ғой. Айтыңызшы, жастардың жұмыспен қамтылу көрсеткіші қандай?

– Жұмыссыз жүрген жастардың көп екені жасырын емес. Оның басты себебі жастар немесе орта жастағы азаматтардың да қарапайым жұмысқа ынтасы жоқ. Өткен жылы «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында қаламызда біршама жол, тұрғынүй құрылысы мен көшені абаттандыру сынды жұмыстар қарқын алды. Өкінішті, сол жұмысты істеуге жұмыссыз азаматтар ниет таныттады. Содан жұмыссыз азаматтардың үйін арлап, үгіт-насихат жүргізе бастадық. Тіпті аялдамада тұрған күндеріміз де болды. Сол сәтте қара жұмысты менсінбейтіндер қатары көп екенін аңғардым. Барлығы бірден бастық болғысы келеді-ау. Жұмысы жеңіл, жалақысы көп жұмыс іздейді. Жеке басым жұмысқа тұру үшін «Қоғамдық жұмыс», «Жастар тәжірибесі» сынды бағдарламадан өтіп, тәжірибе жинақтау арқылы жұмысқа орналастым.

– Жастардың қай мәселесі сізді алаңдатады? Оныңмен күресудің жолы бар ма?

– Әлеуметтік сала қызметкері болғандықтан көпшілік біле бермейтін қоғамның көлеңкелі тұсына қанықпыз. Түрлі жағдайларды бастан өткерген жандардың өмір жолы, болашағы қатты толғандырады. Оның ішінде жастардың еріншектігі басты орында. Ал жалқаулықпен күресу үшін әрбір азаматтың өзіндік санасы болуы қажет. Ал жастарды жұмыспен қамтуда мемлекеттік «Жастар тәжірибесі» бағдарламасының берері мол. Аталған бағдарлама аясында еңбекақыны мемлекет төлейді, жалақысы аз болса да, маманның тәжірибе жинақтап, ары қарай жұмысқа орналасып кетуіне ықпал етеді. Ал жұмыс беруші компания жалақыға шығындалмай-ақ, өзіне лайықты кандидатты таңдай алады.

– Жас та болсаңыз, әлеуметтік салада тәжірибеңіз жеткілікті. Жалпы бұл салаға адымын алғаш басқалы жатқан жастарға қандай кеңес айтасыз?

– Бұл салада қызмет еткісі келетін жастарға шыдамдылық пен психологиялық мықты қалқан керек. Бір күнде қанша адаммен бетте-бет келесіз. Бірі алғыс айтса, енді бірі ұрысын, балағаттап кететін күндер де болады. Осының бәріне сіз алдын ала дайын болуыңыз керек. Әлеуметтік сала – рахметі аз, сауабы көп жұмыс дегім келеді.

– Әңгіменізге рақмет!

Ақтілек СҮНДЕТОВ, шекарашы:

МЕН ПАТРИОТПЫН

Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

Әскери қызметкерді көрсек, қуанып қалатыным рас. Себебі екінің бірі әскери қызметкер бола алмайды. Олардың бойында жауапкершілік, отансүйгіштік, патриоттық қасиет бар. Бүгінде әскерге барушының өзі тым аз. Жыл сайын әскерге шақырту жіберіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатады ғой. Дегенмен сұқбат барысында жігіттерден "әскерге бардыңыз ба?" дегенде тосылып қалатындары көп. Әйтеуір "жоқ" деп айтпаса да, "денсаулығым сыр берді" деген сарында жауап аламыз. Осындайда әскерге барып, еліне адал қызмет етіп жүрген тұлғалардың барына тәубе дейсің. Шекарашы Ақтілекпен телефон арқылы тілдескенде айтқан: "Иә, мен патриотпын" деген сөзін әр қазақ баласынан естігің келеді. Айтуын айтар, әскерге барып дәлелдемеген соң, "әттең" дейсің. Бірақ Ақтілек секілді мықты жігіттерді көргенде, бәрін де өзгертуге болатынына тағы көзің жетеді. Оралдың тумасы Сыр өңіріне жұмыс барысымен қоныс аударды. Әскери адамның отбасы бұл жағдайды өте жақсы түсінеді. Өйткені олардың бір қалада орнығып қалмайтыны анық. Отбасы мүшелері де бір сөмке киімдерін жинастырып, ұлының, жан-жарының артынан кете барады. Біздің Ақтілектің де отбасы – солардың бірі. Ол қаймағы бұзылмаған Сыр еліне келгеніне өкінбейді. Себебі бұл жақтан көп жанашыр дос, ақыл айтатын аға-әпкелерді кезіктірді. Сонымен Ақтілек Облахатұлының өзі не айтар екен?

Жібек ЖАНЫМБЕКОВА, Ақтілек СҮНДЕТОВ

"Мен Ақтілек Сүндетов Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің академиясын бітірдім. Қазір ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда бойынша департаментінде шекарашы қызметін атқарамын. Қызылордада жұмыс істесем де, өзім Батыс Қазақстан облысы Оралданмын. Сыр бойы халқы өте қонақжай, қазақ елінің тарихи қаласының бірі ғой. Бүгінде қала біршама өзгерген" – дейді шекарашы.

– Мен үшін әскери қызметкер болу үлкен мақтаныш. Өз ісіне адал, ерқүрек, батыл, жігітке тән қасиеті бар, партиот жастар көбейсе деймін. Ал әскери қызметшілер заңды және Қазақстан Республикасының әскери жарғыларын бұзбай, берік ұстауға міндетті. Әр отбасының, ата-аналардың пікірі бар. Бірақ Қазақстан Республикасының әрбір азаматы Отан алдындағы әскери борышын өтуге міндетті. Мен – шекарашымын. Шекарашының жауапкершілігі өте күшті, өйткені мемлекеттік шекараны ел шебінде үздіксіз қорғайды. Әр қызметтің өзіндік қиыншылықтары мен ауыртпалықтары болады, соған төзе білуіміз керек, – дейді Ақтілек Сүндетов.

Шекара қызметі жылдамдықты талап етеді. Олар үшін әрбір сәт сануалы. Темірдей әскери тәртіпке нағыз ер азамат қана шыдай алады. Мұнда «істей алмаймын», «қаламаймын» деген сөз жоқ. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» демекші, мұндағы әрбір бұйрық талқыланбайды, мүлтіксіз орындалады. Алыстағы ата-ананы сағыну мен зерігуге мұнда уақыт жоқ. Қару-жарақ, нұсқама, бұйрық және қайта жасаққа бару. Кейіпкеріміз өз қалауы бойынша бұл қатал тәртіптің бәріне бағынып келеді.

Төлеген ЖҮНІСОВ, майдангер, ҰОС ардагері:

ӨМІРДІҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ ОҢАЙЛЫҚПЕН КЕЛМЕДІ

Төлеген ЖҮНІСОВ

Ұлы Отан соғысында қар жастанып, мұз төсенген майдангердің ерлігі – жас ұрпаққа өнеге. Бейбіт өмірдің шуағына жылынып отырғандар майдангерлердің және тыл еңбеккерлерінің жанқиярлық еңбегін қадірлейді, бағалайды. Бұл – заңдылық. Ашаршылықтың апатынан, соғыстың сұрапылынан аман қалып, бар ғұмырын ұрпағының өсіп-өркендеуіне арнаған аға буын өкілдері қандай сый-құрметке де лайықты. Біздің егемен еліміздің солай болып та келеді. Соның бірі осы қан майданда пулеметші болған – Төлеген Жүнісов ақсақал.

Төлеген ақсақалдың балалық шағы ауыр жағдайда өтіпті. Есін енді біле бастағанда жалпақ жұртты баудай түсірген аштықтың зардабын көреді. 1933 жылғы жаппай ашаршылық ата-анадан айырып, бала Төлегенді балалар үйі бауырына басты.

– 1923 жылы Сырдария ауданы, бұрынғы Жаңарық кеңшарында дүниеге келдім. Тереңөзектің топырағы жатырқады ма әйтеуір бала кезде көрген қиындығым көп болды. Аш-жалаңаш күндерді өткердік. Ашаршылық бауырларыммен қоса ата-анамнан айырды. Бүгінгідей балалық шақтың бал дәуренін сезінген емеспін. Балалар үйінде өсіп өндік. Өмірдегі жалғыздықтың не екенін сонда көрдім. Бауырларыма деген сағыныш, оларды бір көрсем деген арманмен жетілдік. Қиналсақ та мойымай алға қарай ұмтылдым. Өмірдің жақсылығы маған оңайлықпен келе қоймады.

Енді ержетіп, ағайынды аралаймын деп жүргенде бір бүйірден келген зұлмат соғыс Төлеген ақсақалды қан майданға аттандырыпты.

– Соғыс басталған жылы небәрі 18 жаста болдым. 1942 жылы 19 жасымда әскер қатарына қабылдандым. Әскери борышымды өтеуге Өзбекстанның Самарқанд қаласына келдім. Әскерде жүргенімде білімім 7 кластық болғаннан кейін 8 айға кіші командирлікке оқуға жіберді. Алайда 5 ай өтпестен соғысқа аттандырып жіберді. Шойын жолды дүбірге толтырған пойызбен бірнеше күн бойы жол жүрген соң, белгіленген межелі мекенімізге зорға жеттік. Әрмен қарай жаяу-жалпылай жүріп бардық. Жолай көптеген деревняларға кезіктік. Аш-жалаңаш күндерді де өткіздік. Себебі біз сол кездегі ахуалға орай шегінін бара жатқандықтан, жасағымызға көп мән берілмеді. Украинаның Харьков қаласынан бастап, Прискуров, Тернополь, Львов маңындағы ұрыстарға қатыстым, жастық жалынмен шайқаста алдыңғы шепте жүрдім.

Автомат пен қол пулеметін еркін меңгерген қазақ баласы осылайша Украинаны жаудан азат ету жолында ерліктің ерекше үлгісін көрсетеді. Фашистерге қарсы күресте жауаптты атқарған жауынгерлік ерлігі үшін майдангер «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені, «Германияны жеңгені үшін», «За боевые заслуги» және «За отвагу», «КСРО Қарулы күштерінде – 60 жыл», «КСРО Қарулы күштерінде – 70 жыл», «Еңбек ардагері» және «Астанаға – 10 жыл» секілді орден-медальдармен марапатталған. Төлеген Жүнісовке «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені» ұрыс кезінде жаудың соғыс қимылына қажетті құрал-жабдықпен жасақталған және жан-жағын, алды-артын жіті қарап, бақылай алатын «Тигр» атты қос танкісін жарып жібергені үшін беріледі. Өз міндетіне жауапкершілікпен қарайтын жауынгер үшін бұл марапаттың орны бөлек.

– Соғыс жылдары өте ауыр болды. Қаншама ажал құшқан адамдарды көзімізбен көрдік. Олардың денесін арнайы техникаға салып, қаланың сыртында қазылған шұңқырға тастап, бетін қармен көме салатын едік. Бүгін қасында жүрген сарбазды ертең көруің негайбыл. Не қаза тапқанын, не болмаса жарақат алғанын естисің. Тіпті бірер сағаттан соң өзіңнің жер басып жүретіндігіңе сенбейсің! Жаңадан, күн сайын солдаттар келіп жататын. Барлығы да батыр атына лайық, барлығы да Отан үшін от кешті, қан көрді, өлім құшты, – деп көз жасына ерік берді қария.

Жеңіс хабарын Төлеген ақсақал Украинада жүргенде естіпті. Сұм соғыс аяқталса да, сол қалада түнгі патрульде қызметте қалған көрінеді. Онда бір жыл жұмыс істеп, 1946 жылы үкіметтің әскерді босату туралы қаулысы шыққаннан кейін ғана елге оралды.

– Соғыстан оралған бетте еңбекке бірден араласып кеттік. Еңбек жолын колхозда қара жұмысшы болып бастадым. Кейін дүкенші қызметінен несібемді тердім. Қызметке деген жауапкершілік, есепке қабілетінің нәтижесінде бухгалтер болып жұмыс істейді. Бейбіт күнде қандай қызмет атқарсақ да риза болдық. Отыз жасқа таяғанда отбасын құрып, әйтеуір адам болып, өмір сүріп кеттік қой (күліп). Әйтпесе, соғыс салған жара санамызда кейінге дейін жаңғырып тұрып алды. 1978 жылдан бастап теміржол саласында монтер болып, зейнетке шықтым. Зайыбым Жәмиле екеуміз екі ұл, екі қыз тәрбиелеп, немере мен шөберенің қызығын көрдік.

Ерасыл ШӘРІБЕК
Суретті түсірген Нұрболат Нұржаубай

Baspasózge jazylý – 2021

6 айға – 2000 теңге
Газет индексі – 65425

40-11-10 телефонына хабарласып, үйден жазылуға болады.

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев «QOSYL» қалалық жастар ресурстық орталығына барып, орталық жұмысымен танысты.

Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ, Қызылорда қаласының әкімі:

БІЗ ЖАСТАРДАН ЖАҢАШЫЛДЫҚ КҮТЕМІЗ

Жастар мен жастар ұйымдарын қолдау үшін қызмет көрсететін орталық жұмысымен мекеме директоры Сабыржан Кеңшілік кеңінен таныстырды. Жастардың бастамасымен жүзеге асқан жұмыстарды баяндап, мекеменің бірқатар қажеттілігін жеткізіп, алда тұрған жоспарларымен бөлісті.

Жастармен кездесуде еркін форматта пікір алмасып, сұхбаттасқан қала әкімі Ғанибек Қонысбекұлы «Біз елдің, бүгінгі жастардың болашағы үшін жұмыс істеп жатырмыз. Біздің жақсы жұмыстарымызды жалғау – бүгінгі жастарға артылар жауапкершілік. Сондықтан жастар талапшыл, еңбекқор, жан-жақты болу керек», – деді.

Сонымен қатар орталыққа келген жастарды кәсіпкерлікке баулуға көңіл бөліп, жұмысшы мамандықтарды көбірек насихаттап, қажетті мамандықтарды игеруге бағыт беріп, жас ұрпақтың өмірден өз орнын тауып кетуіне көп күш жұмсау керегін баса айтқан шаһар басшысы орталық жұмысын жандандыруға қатысты жастардың ұсыныс-пікірін тыңдап: «Біз сіздерден әрдайым жаңашылдық, креативті ұсыныс, жаңа идеялар күтеміз. Көңілден шығар бастамаларыңызды әрқашан қолдауға дайынбыз», – деді.

НҰРЫМ СӘЛІМГЕРЕЕВ – СЫР БАРЫСЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы және Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдығына арналған Қызылорда қаласы «Евразия» спорт кешенінде қазақ күресінен XII облыстық «Алтын белбеу» сайысының ақтық кезеңі мәресіне жетті.

Дүбірлі бәсекеге Байқоңыр, Қызылорда қалалары мен аудандардан 9 команда 200-ге жуық балуан қатысты.

Түйе палуан сайысына 13 спортшы қатысты. Олардың арасында аралдық Нұрым Сәлімгереев «Сыр Барысы» атанып, «Алтын белбеу» белдігі мен 500 мың теңгенің сертификаты табысталды.

«Сыр Арланы» Мақсат Исағабыловқа 300 мың теңгенің, «Сыр Сұңқары» - Ержан Аблуллаевқа 200 мың теңгенің сертификаты берілді.

Үстіміздегі жылдың 4 шілде күні Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Президенті жүлдесі үшін өтетін «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне Қызылорда облысынан Н.Сәлімгереев пен М. Исағабылов облыс намысын қорғайды.

Сондай-ақ үш жас ерекшелігі бойынша 2004-2005 жылы туылған жасөспірімдер, 2002-2003 жылы туылған жастар және ересектер арасында спортшылар 26 салмақ дәрежесінде шеберлік байқасты.

Достық – Тәуелсіздік тірегі

Достық үйінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі мерекесі күні қарсаңында дөңгелек үстел өтті.

«Достық, береке, бірлік – Тәуелсіздік тірегі» атты шараға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бақытбек Смағұл, ҚР ҰҒА академигі Қылышбай Бисенов, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, жоғары оқу орындарының басшылары, көрнекті ғалымдар, қала және аудандардағы зиялы қауым өкілдері бейнебайланыс арқылы қатысты.

Шараға қатысушылар ең алдымен «Сыр елі суретші көзімен: Кеше. Бүгін» атты облыстық суретшілердің жылжымалы көрмесін тамашалады. Көрмеге Сыр өңірінің белгілі суретшілерінің туындылары қойылды.

Іс-шара модераторы облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысушыларды татулық пен достықты ту еткен – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі күнімен құттықтап, дөңгелек үстел жұмысының маңызын атап өтті.

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығында Елбасы көшбасшылығының арқасында, ел болып бірлесе атқарған жұмыстардың нәтижесінде саяси жүйесі тұрақты, экономикалық әлеуеті мықты, ұлттық рухы берік, бәсекеге қабілетті, халықаралық беделі зор қуатты мемлекет құрдық. Енселі ел, іргелі мемлекет атанумызда бірлік, келісім және өзара қолдау қағидаттарына негізделген Қазақстан халқы ассамблеясының орны ерекше», – деді Мира Қазбекова.

50 ТОННА ҚОҚЫС

Жыл сайын өңірдегі су айдындары мен көлдерді қоқыстан тазалау мақсатында «Таза су айдындары» табиғат қорғау акциясы өткізіліп келеді. Биыл аталған тазалық шарасы наурыз айының 1-інен басталып, мамыр айының 30-ына дейін жалғасады. Бүгінге дейін акция аясында су астында қалған 50 тоннадан аса қоқыс шығарылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен онлайн брифингте Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Жанқожа Сапаров мәлімдеді.

– Дәстүрлі түрде өткізілетін «Таза су айдындары» акциясын осы жылы да карантиндік талаптарды сақтай отырып жалғастырдық. Қызылорда қаласы маңындағы Сырдария өзені мен «Көксу» су айдынында және Түркістан облысы аумағындағы Шардара су қоймасында жергілікті табиғат жанашырларының қатысуымен тазалық жұмыстары жүргізілді. Аймақтың барлық ірілі-ұсақты су айдындарын қамтыған акцияға 861 адам қатысып, 142 арнайы техника мен 70 шағын көлемді жүзу құралдары жұмылдырылды. Нәтижесінде 52,05 тоннаға жуық әр түрлі қоқыс пен 582 дана балық аулау құралдары шығарылды, – деді Жанқожа Рамбердіұлы.

Айта кетейік, акция табиғат қорғау мекемелерінің, табиғат пайдаланушылардың, еріктілердің және қоғамдық, ғылыми ұйым өкілдерінің, су айдындарына жақын орналасқан ауыл тұрғындарының, оқу орындары студенттерінің қатысуымен өткізілді.

МӘМС: МЫҢНАН АСТАМ КӨМЕК

Қазақстанда онкологиялық аурулар басым әлеуметтік маңызды аурулар тізіміне енгізілген. Онкологиялық ауруларды диагностикалау, осы санаттағы науқастарды емдеу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген шеңберінде ғана тегін жүзеге асырылады.

Бұл қызметті қаржыландыру еліміздің барлық тұрғындары үшін медициналық қызметтер пакетін сатып алатын медициналық сақтандыру қоры есебінен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовтың айтуынша, ТМККК аясында онкологияның алдын алу және сауықтырушыларды емдеу үшін бірқатар шаралар жүргізілді:

– Ауруды немесе оған бейімділікті ерте кезеңде анықтауға және уақытылы көмек алуға мүмкіндік беретін тегін скринингтер (профилактикалық тексерулер).

– Тегін жоспарлы емдеуге жатқызу, бейінді мамандардың кеңесі, сондай-ақ әлеуметтік мәні бар аурулар шеңберінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.

2020 жылы Қызылорда облысында ТМККК шеңберінде 3481 онкологиялық науқас емделді, оның ішінде шұғыл – 560, жоспарлы түрде – 2921 адам, күндізгі стационарда – 479 адам. Бұл мақсатқа әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 1 561,7 млн теңге бөлінді.

2021 жылдың басынан 1193 науқас емделді, оның ішінде шұғыл – 186, жоспарлы түрде – 1007, күндізгі стационарда – 230 адам. Бұл мақсатқа қор 535,4 млн теңге бөлді.

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

УЫЛДЫРЫҚ – 2021

Облыста «Уылдырық – 2021» акциясының іс-шара жоспары бекітілді. Қазір су маржандарының уылдырық шашатын мезгілі. Сондықтан балық аулауға тыйым салынған. Мәселен, облыс көлемінде Сырдария өзенінде 1 сәуір мен 30 мамыр, Кіші Арал теңізінде 1 мамырдан 10 маусым, басқа су айдындарында 20 сәуірден 10 маусым аралығында балық аулауға болмайды.

– Акция басталғаннан бері 75 балық қорғау заңнамасының бұзушылығы анықталды. 61 әкімшілік айыппұл салынып, 14 әкімшілік іс бойынша тиісті шара көру үшін сот органдарына жолданды және 14 қылмыстық іс қозғалды. Күшейтілген рейдтік жұмыстар жалғасуда, – деді Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Жанқожа Сапаров.

Айта кетсек, табиғат заңдылығын бұзудың алдын алу және анықтау мақсатында инспекция 89 рейд, оның ішінде құзырлы органдармен бірлескен іс-шараларға сәйкес 25 рейд ұйымдастырылды. Нәтижесінде 228 табиғат заңдылығын бұзушылық дерегі анықталған. Жыл басынан 212 хаттама толтырылып, оның ішінде 33 іс сот органдарына жолданды.

ДИРЕКТОРЛАР ЖИЫНЫ

Қызылордадағы «Серіктес директорлар» лигасындағы білім ордаларының басшылары «ПедЕХРО-2021: Біліммен болашаққа қадам» шарасында бас қосты. Директорлар білім саласын басқару техникасы, ұжыммен жұмыс жүргізудің жаңа әдісі, мұғаліммен қарым-қатынас жасаудың еркін бағыты тақырыптарында ой қозғап, спикер ретінде идеяларын ортаға салды.

Карантин талаптары қатаң сақталған кездесуге облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова қатысып, қазіргі білім тенденциялары өзгергенін, мектеп директорына талаптың күшейгенін қаперге салып, білім ордасын басқаруды нарық талабына сай дамыту қажет екенін атап өтті.

Шара ерекше бағыттағы тимбилдингпен басталып, серігіту сәтінде миды қайта бағдарлайтын арнайы тренингпен жалғасты. Ал, негізгі спикерлер тақырыптар аясында презентация жасады.

Қазіргі альфа ұрпақтың қажеттілігіне қарай білім беру мәселесін Шиелі ауданындағы №153 мектеп директоры Қанат Әмзиев қозғаса, білім берудегі SOFT SKILLS әдісін №172 мектеп директоры Майра Садуова ашып берді. Ал, Сырдария ауданындағы №42 мектеп директоры Зейнұр Жаманқұлов мұғалімнің сабақты сықыр ашсу тәсілімен оқыту құпияларымен бөлісті.

ПедЕХРО алаңында облыстық білім басқармасының баспасөз хатшысы Абай Тағыберген коммуникациялық басқару мен мектепке PR технологияны енгізу әдістері бойынша кейстермен бөлісті. Ал, №12 лицей директоры Жадыра Түлкібаева педагогикадағы бұрыңғы ережені сақтай отырып, жаңа талапқа бейімделу жолын тарқатып берді. Сонымен бірге №257 мектеп директоры Гүлмира Сүлейменова мұғалім сабағын трансформациялау барысында негізгі ұстанымдарды тілге тиек етті.

Ал, №197 мектеп директоры Сәбила Рахымшаева мен Арал ауданындағы №262 мектеп директоры Руслан Сисенов ойын элементтеріне негізделген тренинг ұйымдастырса, №140 мектеп директоры Айгүл Мұсабаева мен Жаңақорған ауданындағы №164 мектеп директоры Жанболат Ахметжанов миды серітуді құралдарын пайдалана отырып тимбилдинг өткізді.

Айта кетейік, «Серіктес директорлар» 20 бағыт бойынша жобалармен жұмыс істейді.

ТҮЛЕКТЕР ҰБТ-ҒА ҚАТЫСАДЫ

Ұлттық бірыңғай тестілеу биыл электронды форматта ұйымдастырылады.

Қызылорда облысында сынақ 6 мамыр мен 30 маусым аралығында өтеді. Ол үшін арнайы 4 тестілеу орталығы жабдықталған.

«Биыл аймақта 7006 оқушы мектеп бітіреді. Оның 5949-ы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады деп жоспарлануда. Биылғы жаңа ереже бойынша, мектеп бітіруілер ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең жақсы нәтижені грант иелену үшін конкурсқа жолдай алады. Тестілеу барысында санитарлық шектеу шаралары қатаң сақталады», – деді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова.

Ол – стоматолог, блогер, ютубер, белсенді жас, әке, ютуберлердің күміс батырма иегері. Иә, бұл тіркестердің бәрі тек бір адамға арналады. Ол – Әділет Әшірбек. Бүгінде AVE ADIKUS есімі көпшілікке танымал. Себебі ол жай блогер емес қайырымдылыққа ат салысып, баспанасыз жүргендердің жүзіне күлкі үйіртетін азамат. Әділет Абылайханұлының инстаграм парақшасында оқырмандар саны өте көп, ал Youtube арнасындағы оқырмандар саны екі есе. Сонымен Тараздың тумасы Сыр өңіріне қалай келді? Небәрі 3 жасында отбасы жағдайына байланысты Тереңөзекке көшіп келді. Бойындағы талант балалық шақтан бастау алды. Ол ән айтып, өлең оқып көзге түсті. Оған жүргізушілік қабілетін қосыңыз. Әділет Ә.Тәжібаев атындағы №36 мектепте білім алды. И.Тоқтыбаев атындағы №35 мектеп-лицейде оқуын аяқтады. Бір қызығы, өзінің өмірлік серігі екеуі бір сыныпта оқыған. Бүгінде екі баланың әкесі. Әділет Әшірбек осы бастан бала тәриесіне көп көңіл беледі, өзінің бос уақытын балаларына арнайды. Астана медицина университетіне грантқа түсіп, 7 жылдың жартысын Астанада оқып, IV курсында Ақтөбе қаласындағы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетіне ауысып, сол жақта стоматология маманы болып шықты.

Блогер – стоматолог

Белсенді оқушылар өзі мектептен даралана бастайды. Бірі КВН арқылы танылса, енді бірі әнші мен бишілікпен танымал. Соның ішінде КВН-нің рөлі басым. Себебі әзіл арқылы танылғандар бүгінде үлкен абыройға ие. Атақты деген азаматтар өткір әзілімен көрінді. Әділет – солардың бірі.

"Сабақты өте жақсы оқып, ҰБТ-дан 116 балл жинадым. Сондай-ақ музыкалық мектепте 7 жыл скрипка мамандығында оқыдым. Мектептің атынан "Бойтұмар" КВН командасын құрып, капитаны болдым. Сол кездері ең бірінші камерасы бар «нокиа» ұялы телефонының көмегімен, ауылда неше түрлі видеолар түсірдім", – дейді ол өткенді еске алып.

Әділеттің алғашқы блогы 500 қаралымды жинайды. Бұл оған әрі қарай шабыт сыйлап, Youtube каналын дамытуға септігін тигізеді. Бүгінде ол қоғамдағы өзекті мәселелерді видеосына арқау етеді. Сонымен қатар оқырмандары арқылы науқас жандарға ақша жинап, қайырымдылық іске белсене араласады. Жас блогердің таланты ескерусіз қалмайды. Ол Youtube – тан күміс батырма (серебряная кнопка) иегері атанады. Бұл – ютуберлер үшін үлкен мәртебе.

Бүгінде Түркістанға саяхаттау – кімнің болсын арманы. Десе де қаржының жоқтығынан бара алмайтындары қаншама?! Осыны ескерген ол Түркістанға сапарлап, әрбір тарихи орынға тоқталып, Түркістандағы керемет көріністі оқырмандарына ютуб желісі арқылы тамашалауға мүмкіндік берді. Бұл видеоның да оқырманы көп екенін аңғару қиын емес.

Қайырымдылықпен айналысу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Мұның өзі үлкен жауапкершілік. Сондай-ақ сауабы мол дүние. Осы уақыт аралығында "Абзал ИК" директоры Мағжан Ералиевпен бірге 2 отбасына 3 бөлмелі пәтер кілтін табыстады. Баспанаға мұқтаж жандар үшін бұл сыйлықтан артығы жоқ. Алдағы уақытта да бұл істі әрі қарай жүргізу жоспарда бар. Сонымен қатар 10 сәбидің еміне әрқайсысы 1 миллион теңгеден тарту еткен.

"Біз Айсұлтанның еміне қор ашқан едік. Содан бері 750 мың теңге қаржы жиналып, оқырмандардың аманатын табыстадық. Рамазан айында қарындасымыз Інжудің еміне қаржы жинап жатырмыз. Кімде кандай мүмкіндік бар, қанша аудара алады сол қаржыны жіберуде. Осы орайда жиналған қаржыны арнайы табыстаймыз, – дейді қайырымды жан.

Блогердің алға қойған мақсаты – youtube арнасындағы оқырман санын көбейту.

– Қазіргі уақытта 2021 жылдың наурыз айы бойынша «AVE ADIKUS» youtube арнасында 860 мың тіркелуші бар. Егер арнаның саны бір миллионға жетсе, Youtube блогер «Алтын батырма» статусын иеленбек. Тезірек бір миллионға жету менің мақсатым" – дейді ол.

Иә, әлеуметтік желіні дамыту бүгінде қиын емес. Алайда кім қандай ақпарат салады, кім сауатты жүргізеді сол маңыздырақ. Кейде бұған басымдық бермейтіндерді де кездестіреміз. "Қарнымның ашқаны емес, қадірімнің қашқаны қиынайды" деуші ме еді?! Десе де Әділет өз каналын да,

парақшасын да сауатты түрде жүргізеді. Оқырмандары да қызығушылық танытып, пікірін талқылап тұрады. "Мамандығым өзіме ұнайды. Тіс дәрігері болу үшін көп оқыдым, ал блогерлік – ол менің хоббимін. Осы арқылы елге таныдым, видеоларым оқылымға жол тартты. Олар тіпті қызығушылық танытып жатады. Жоғарыда атап өткендей, оқушы кезімнен жан-жақты болдым. Студент кезінде де жүргізуші болдым. Осы қасиеттерім ютуб каналды дамытуға ықпал етсе керек", – дейді ол.

Жаны жомарт, қолы ашық қайырымды жандарды көргенде іштей қуанасың. Осындай азаматтардың өсіп келе жатқаны болашағымызды кемел болатынына сенім сыйлайтындай.

Мөлдір САБЫРЖАН

Заманауи отандық киім брендтері

Salta

Salta брендінің негізін салушы – Салтанат Баймұхамедова. Қазақстандық дизайнердің алғашқы топтамасының көрсетілімі 2008 жылы Парижде өткен. Кейін бірнеше рет Kazakhstan Fashion Week-ке де қатысқан. Брендке тән стиль – минимализм, қарапайым пішін және еркіндік. Сол себепті бренд қалада тұратын заманауи жастар мен әйелдердің сұранысына ие.

Assel

Әсел Нүсіпқожанова – жас дизайнер, Institute Marangoni оқу орнының түлегі. Vika Gazinskaya және Dsquared2 сән үйлерінде тағылымдамадан өткен. Әселді Орта Азияның мәдениеті шабыттандырады – оның топтамаларында ұлттық ою-өрнектер мен құрақ тігісін байқауға болады. Сонымен қатар бұл өзгешелік заманауи стильмен үйлестірілген.

MANDARIN NARBAYEVA

Мадина Нарбаева – суретші. 2014 жылы анасымен бірге Open Way жас дизайнерлер байқауына қатысқаннан кейін, MANDARIN NARBAYEVA брендінің негізін салды. Киім тігуде көбінесе knitwear – трикотажды қолданады. Брендтің басты мақсаты — тоқыма киімді жаңа қырынан көрсету. Негізгі басымдықтар минимализмге, ыңғайлылыққа және табиғи маталарға беріледі.

Bibotta

Bibotta брендінің негізін салушы – Бота Бақытжан. Дизайнер Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының түлегі, Қазақстан сән апталығы ұйымдастырған Open Way финалисі. Бота көбінесе Ninety One және жалпы Juz Entertainment әртістерімен жұмыс жасайды. Сонымен қатар әдеттен тыс, жарқын стильді ұнататын заманауи жастар үшін киім тігеді.

AiSho

AiSho жас қазақстандық брендтің негізін салушылар – апалы-сіңлі Айман Орынбасарова мен Шолпан Нұрмұхамбетова. Қазақстандық қыздар мен әйелдер осы брендтің пәлте, тренч пен костюмдерін сапасы, ыңғайлылығы және бірегейлілігі үшін ұнатады. Дизайнерлер 1980-жылдардағы сәннен шабыт алады. Айман мен Шолпан тек табиғи маталарды қолданады және классикалық стиль мен casual-ды үйлестіре біледі.

BotAya

BotAya қазақстандық киім брендінің негізін салған апалы-сіңлі Айя және Бота Қырғызбаевалар. Олар өздерінің топтамаларында табиғи материалдар мен кесте, пэчворк, макраме, керамика және экопринт – қол жұмысының элементтерін қолданады.

Shoqan

Ер адамдарға арналған қазақстандық костюмдер брендінің негізін салған Ұлықбек Шәріпов пен Нұрсұлтан Мағзумов. Олардың дүкендерінде костюм, жейде, галстук, аяқ киім – толық киім жиынтығын алуға болады. Сапасы шетелдік брендтерден кем түспейді, маталар Қытайдан әкеліледі, ал аяқ киім Гонконгта тігіледі.

«АУЫЗАШАР СЕБЕТІ» ТАРАТЫЛДЫ

"Қайырымды істер марафоны бастау алды. Волонтерлар бұл іске білек сыбана кірісті. Бүгінге дейін 5 мыңға жуық ауызашар себеті таратылды.

Өңірде әлеуметтік көмекті қажет ететін азаматтардың бірыңғай жүйесі құрылды. Бақытты отбасы жанынан жасақталған базаға сәйкес, көрсетілетін қайырымдылық шаралары жүйеге келтірілді. Осыған дейін бір тұрғын бірнеше қайырымдылық қорлардан көмек алса, ендігі ретте барлығы өз кезегіне сай жүргізіледі. Бұл туралы облыстық волонтерлар фронт офисінің жетекшісі Болатбек Айтбенбетов өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен онлайн брифингте мәлімделді.

– Өңірде наурыз айынан бастап "Қайырымды істер" марафоны басталды. Аталған акция барысында аймақтағы мыңдаған тұрғынға жергілікті жомарт жандар тарапынан қолдау көрсетілді. Атап айтсақ, "Зекет" қайырымдылық қоры, мешіт имамдары мен жамағат бірлесе отырып, аймақтағы аз қамтылған 2000 отбасына, "Халық" қайырымдылық қоры қала аумағындағы 1000 отбасына, «Ел-Арай» қоғамдық қоры 50 отбасына азық түлік үлестірді. Аймақ басшысының бастамасымен облыстық жастар ресурстық орталығының, мешіт қызметкерлері мен волонтерлар фронт офисінің еріктілерінің қатысуымен 5 мыңға жуық «ауызашар себеті» таратылды, – деді Болатбек Айтбенбетов.

БИЗНЕСМЕНДЕРДІҢ БАЗЫНАСЫ

Апта басы кәсіпкерлердің жан айқайымен басталды. Даудың басы бас санитар Динара Жаңабергенованың жаңа қаулысынан туындаған. Кәсіпкерлер палатасына жиналып, жаңа қаулыға қарсылығын білдірген кәсіпкерлердің дені – мейрамхана иелері.

Кәсіпкерлер қаулыны жөнсіз деп санайды. Жиылған топтың айтуынша, шектеудің күшейгені пайда табуға ғана емес, шығындарды өтеуге де мұрша бермейді. Ал қонақтардың қалауы тыйым салынған уақытпен сәйкес келетін көрінеді. Олар көбіне кешкі серіз бен онның арасында ғана демалғысы келеді дейді арызын арқалағандар.

– Аймақ эпид ахуалға орай «қызыл» аймаққа еніп, жаңа қаулы шығып, біздің жұмыс уақытымызды сағат 20.00-ге дейін қысқартып тастады. «Қызыл» аймаққа өтуіміздің негізгі себебі білім беру мекемелерінің офлайнға өтуі салдарынан екенін барлығы біледі. Ойланбай жасалған қадамның зардабын неге кәсіпкерлер тарту керек? Мұндай шектеулермен біз жұмыс істей алмай жатырмыз. Бізге ең болмағанда 12-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат еткенін қалаймыз. Тым құрыса, қызметкерлеріміздің жалақысына жеткізсек те, аз-маз пайда тапқымыз келеді. Өйткені бәрінің басында несие бар, олардың нәпақасына қараған отбасылары да бар екенін ұмытпаған абзал. Шыдамның да шегі бар», – деді кәсіпкер Ақмарал Әбдіразақова.

Мейрамхана иелері жұмыс уақыты мен келетін тұтынушылар санын қысқартқанмен, оларға қызмет көрсететін қызметкерлер санын, олардың жалақысын қысқарта алмайтынын айтуда.

– Қоғамдық тамақтану орны қалай аспазсыз, техникалық қызметкерсіз, даяшы мен өзге де қызметкерлерсіз жұмыс жасайды? Жұмысқа шыққаннан кейін қызметкерлер ақысының толық төленгенін қалайды. Оларды да түсінуге болады. Себебі азық-түлік пен коммуналдық қызметтердің бағасы күн санап көтерілуде», – деді кәсіпкерлердің бірі.

Коммуналдық қызмет ақысы кәсіпкерлерге де ауыртпалық тудырып тұр екен. Мейрамхана иелері мұнайлы өңір Атырау, Маңғыстауда табиғи газ бағасы 1 куб метрге 8-9 теңгені, ал дәл осындай табиғи газы бар Қызылордада 18,6 теңгені құрайтынын ашына айтты. Электр энергиясының бағасы да өзге өңірлермен салыстырғанда Қызылордада жоғары екені де жасырын емес.

Шу шығарған кәсіпкерлерге басу айтқан палата директоры Ғалымбек Жақсылықов көтерілген мәселенің әрқайсысымен палата мамандары тиісті органдармен бірге жұмыс істеп, шешу жолдары қарастырылатынын және нәтижесін кәсіпкерлерге хабардар ететінін жеткізді.

Жалпы мейрамханаға барушылар да жаңа қаулыға қарсы.

– Халыққа 8-ден кейін отыруға болмайды дейтін қате болар. Әрі кетсе 12-ге дейін болар. Өз ойым. Себебі халыққа демалатын, тамақтанатын жер керек. Мысалы, кейбір адамдар жұмыстан шыққаннан кейін тамақтанып, сыртта демалғысы, – дейді қала тұрғыны Батыр Ескалиев.

– Мұнан өзге, отырыста «Ashyq» жобасы да талқыланды. Палата басшысы жобаның бизнес өкілдері үшін тиімділігін, ерекшелігін түсіндіріп өтті.

Айта кетейік, «Ashyq» жобасы аясында жұмыс істеу үшін Қызылорда облысынан 28 кәсіпкер QR код алды. Оның 19-ы қоғамдық тамақтану саласындағы кәсіпкерлік нысандары. Әзірге 19 нысан да жобада тесттік режимде жұмыс жасауда.

Ерасыл ШӘРІБЕК

Вирус пен вакцина жайлы оқырманды ойлантатын сұрақ көп. Соған сай адамдар арасында түрлі болжамдар бар. Әзірге қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін нақтылау мүмкін болмаса да, келесідей маңызды сауалдардың жауабын Medsupportkz қауымдастығының мамандарынан сұрап білдік.

Дәл қазіргідей құбылмалы кезеңде тұрғындарға сенімді, дәлелденген ақпараттарды тарату маңызды. Medsupportkz осы мақсатта құрылған қауымдастық. Орталық Азиядағы медициналық сауаттылықты арттыруды көздеген жоба ғалымдар, медицина қызметкерлері және тәжірибелі аудармашылардан құралған, 100 еріктіден тұратын команданы қамтиды.

COVID-19 туралы соңғы өзекті ғылыми мақалалар мен зерттеулерді ағылшын тілінен қазақ және орыс тіліне аударатын Medsupportkz мамандары ғылыми ақпараттар мен пайдалы нұсқаулықтарды оқырман назарына ұсынады.

Virus & Vaccine: ел арасындағы қауесет пен факт

ВАКЦИНА ҚҰРАМЫНДА ВИРУС БАР МА?

Вакцина алғаннан кейін COVID-19-бен ауырып қалуым немесе ПЦР оң нәтиже көрсетуі мүмкін бе? Бұл – тұрғындар арасында ең жиі қойылатын сұрақтың бірі. Мамандар СпутникV вакцинасын алған соң COVID-19-бен ауыру мүмкін емес екенін айтады. Себебі, вакцинада ауруды шақыратын вирус жоқ, тек сол вирус туралы ақпараттың бір бөлігі ғана бар. Осы ақпараттың көмегімен ағза ауруға қарсы иммунитет тудырады.

Көпшіліктің пікірінде вакцина құрамындағы вирустан ауырып қалмаймын ба деген қорқыныш бар. Шынында, вакцинадан COVID-19 инфекциясын жұқтырып алу мүмкін бе? Medsupportkz қауымдастығы бұл сауалымызға келесідей жауап берді:

– Жоқ. COVID-19-ға қарсы жасалған қандай да бір вакцина вирустың тірі немесе әлсіретілген формасын қолданбайды, демек одан ауырып қалу мүмкін емес.

Спутник V вакцинасында тек вирус туралы ақпараттың бір бөлігі ғана бар, дәлірек айтсақ, вирустың шип-ақуызы туралы ақпарат. Ол ақпарат ағзада антиген (бөгде дене) ретінде танылып, вируспен күресуге жауап беретін арнайы молекулалар бөліне бастайды.

ВАКЦИНАДАН КЕЙІН ПЦР ТЕСТ ОҢ НӘТИЖЕ КӨРСЕТСЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?



– ПЦР – зерттеу материалдарында вирустың РНК-сын анықтайтын зерттеу әдісі. Ал вакцинада вирус РНК-сы жоқ. ПЦР нәтижесі оң болып шығуы вирустың өзі ағзада бар екенін білдіреді. Вакцинациядан кейін де COVID-19-бен ауырып қалудың аз да болса ықтималдылығы бар. Сондықтан ұжымдық иммунитет қалыптасқанға дейін барлық сақтық шараларын сақтау керек. Бетперде кию, жабық кеңістікте адамдар көп жиналған жерге бармау, қолды таза ұстау сынды қауіпсіздік ережелерін естен шығармаған жөн.

ВАКЦИНАНЫҢ БЕДЕУЛІККЕ ӘСЕРІ БАР МА?

Вакцина дегенде көпшілікті екі ұдай пікірге қалдырған осы сұраққа бүгінге дейін түрлі қауесет айтылып келді. «Вакцина үш жылға дейін балалы болу мүмкіндігін азайтады» деген болжамның дақпырты әлі де басылар емес. Шынында, вакцина бедеулікке әкеле ме?

– Жоқ. Вакцина және оның белсенді ингредиенттері қолдың бұлшықетінде жергілікті түрде әрекет етеді. Вакцина иммундық жүйенің белгілі бір жасушыларына ғана енеді және антиденелер өндірісін ынталандырады. Ал адамның репродуктивті органдарына ену вакцинаның жұмыс істеу механизмдеріне кірмейді. Ал егер әйел адам вакцинация жүргізу барысында жүкті екенін білмеген болса, жүктілікті қалыпты жағдайда бақылау қажет. Бұл құрсақтағы шарананың өмірін жасанды жолмен тоқтауға анық көрсеткіш бола алмайды. Жүктілік кезіндегі вакцинация тек теориялық тұрғыда қауіпті деп айтылады.

COVID-19-БЕН АУЫРЫП ШЫҚҚАН НАУҚАС НЕГЕ ВАКЦИНА АЛДЫРУ ҚАЖЕТ?

– Ауырып шыққаннан кейін пайда болатын табиғи иммунитет тез әлсіреуі мүмкін. COVID-19-бен ауырғаннан кейін барлық науқаста антиденелер түзіле бермейді және ауруды қайта жұқтыру жағдайлары да тіркелгені белгілі.

4 миллион адамға жүргізілген соңғы зерттеулер нәтижесі бойынша жасы 65-те және одан асқан, ауруды бұрын жұқтырған ересектерде қайта жұқтырудың 47,1 пайызы ғана қорғаныс болатыны анықталды. Салыстырмалы түрде жастарға арналған бұл көрсеткіш 80,5 пайызды құрайды. Неліктен вакцинадан кейін иммунитет жақсы (салыстырмалы түрде тұрақты) қалыптасады?

Ауырып шыққаннан кейін пайда болған антиденелердің мөлшері көптеген факторға, соның ішінде ауырудың ауырлық дәрежесіне байланысты. Ал вакцинаға бағытталған иммундық жауап әлдеқайда күштірек және тұрақты болады. Адам ағзасына түскен вирус оны алдап, иммундық реакцияны әлсіретуге тырысады. Вакциналар олай жасамайды. Вакциналар күшті иммундық реакцияны дамыту үшін жасалады.

Сондықтан әрбір адам бұрын COVID-19-бен ауырған немесе ауырмағанына қарамастан вакцина алуы керек. Қазақстан және WHO методикалық әдістемесі бойынша ауырғаннан кейін алты айдан кейін вакцина алуға болады.

ВАКЦИНА ӘСЕРІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚОРҚЫНЫШТЫ?

Тұрғындар арасындағы тағы бір қауіпті болжам арада біршама уақыт өткен соң вакцина ағзада өзгеріс туғызып, денсаулығыма әсер беруі мүмкін деген ой.

– COVID-19 вакцинациясының ұзақ мерзімді әсерінен қорқудың қажеті жоқ. Себебі вакцинаның денсаулыққа ұзақ мерзімді жанама әсер болғаны анықталмаған. Коронавирусқа қарсы вакцина жаңа болғанымен, олар бұрын қолданылған технологияларға негізделген және ғалымдар жылдар бойы олар туралы көптеген мәлімет жинаған. Қазіргі вакциналардың ешбірі ұзақ мерзімді жанама әсер көрсетпеген. Ауыр асқынулардың сирек кездесетін жағдайлары бірнеше жылдан кейін емес, вакцина алған соң бір сағат немесе бірнеше күн ішінде пайда болады.



Ғалымдар мен дәрігерлер ықтимал жанама әсерді мұқият қадағалап отыр. Вакцина қауіпсіздігі тіркелгеннен кейін де бақыланады. Мысалы, АҚШ-та барлық жағдайлар вакциналардың жанама әсерлері туралы хабарламалар жүйесінде (VAERS) тіркеледі және мұқият зерттеледі. Ал тәуелсіз ұйымдар вакциналардың қауіпсіздігі туралы соңғы зерттеулерге шолу жасайды (Cochrane).

АДЕНОВИРУСТАР ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

– Спутник V қарапайым суық тиюдің векторлық вирусына негізделген. Бұл вирус адамда көбейе алмайтындай етіп модификацияланған. Вируста коронавирустың бір бөлігі бар.

Гендік түрлендірілген вирусты қолдану жаңа технология емес. 2012 жылдары аденовирустың адам векторларымен 400-ден астам гендік терапия сынақтары жүргізілген және ол әлі жалғасуда.

Аденовирус векторы қатерлі ісікті емдеуге қолданылады. Бұл жағдайда аденовирус векторы адамның ДНҚ-на ене алмайды. Олар генді вирус ядросына жеткізеді, онда ол оқылады және рак клеткаларымен күресуге жауап беретін арнайы молекулаларды бөле бастайды.

ВАКЦИНА ҚАЛДЫҒЫ ДЕНЕДЕ ҚАЛА МА?



– Вакцинадағы аденовирус көбейе алмайды. Оны иммундық жүйе жойып тастайды. Қосымша заттар – трис (гидроксиметил) аминометан, натрий хлориді, сахароза, магний хлориді гексагидрат, ЭДТА дигидратының динатрий тұзы, полисорбат, этанол 95 пайыз организмнен шығарылады және көрсетілген концентрацияда қауіпсіз болады. Сондықтан вакцина компоненттері адам ағзасында сақталмайды.

COVID-19-ДЫҢ ӘСЕРІНЕН БОЛАТЫН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АСҚЫНУЛАР ҚАНДАЙ?

Тұрғындар арасында «коронавирустан айтарлықтай асқыну білінбейді, сондықтан вакцина алған соң бір сағат немесе бірнеше күн ішінде пайда болады.

– COVID-19-да ұзақ мерзімді асқынулар бар. Ең қауіпсіз дегенде, кей адамдар иіс пен дәм сезуден бірнеше айға дейін айырылады немесе шаштың түсуі кездеседі. Ал ауыр зардаптары деп ішкі ағзалардың зақымдануын айтуға болады. COVID-19 зақымдайтын мүшелерге жеке тоқталып көрейік. Мәселен, жүрек. Жеңіл ғана белгілері болған күннің өзінде COVID-19 науқастың жүрек бұлшықеттерін зақымдауы мүмкін. Ал өкпе тінінде фиброздың пайда болуы тыныс алуды қиындатады. Сондай-ақ вирус мұрын-жұтқыншақ арқылы миға өтуге қабілетті. Тіпті жас адамдарда COVID-19 миға қан құйылу, тырысу мен Гийена-Барре синдромына әкелуі мүмкін. Бұл инфекция Паркинсон ауруы мен Альцгеймер ауруының даму қаупін жоғарылатады. COVID-19 өте кішкентай ұйығаң қандардың жиналуын арттыруы мүмкін, олар жүрек бұлшық етіндегі кішкентай капиллярларды жауып тастайды. Сіз және сіздің жақындарыңыз COVID-19-дан қайтыс болмауы мүмкін, бірақ COVID-19-дан ұзақ мерзімді жанама әсер алуыңыз әбден мүмкін. Ал кейбір адамдар күнделікті өмір салтын жоғалтуы ғажап емес. Вакцина осындай асқынудың және инфекциядан ұзақ мерзімді жанама әсердің алдын алуға көмектеседі.

ЕКПЕ ҚАЛАЙ ТЕЗ ӘЗІРЛЕНДІ?

Вакцинаға деген сенімсіздіктің тағы бір түрі оның аз уақытта дайындалуына байланысты. Былтыр тек қазақстандықтар ғана емес, әлем жұрты вакцинаны тағатсыздана күтті. Бірақ екпе салар тұста осы жағдай көпшілікті аландатуда. Расында вакцинаның аз уақытта дайындалуы қауіпті ме? Мамандардың сөзіне назар салайық:

– SARS-Co V-2 – жаңа вирус. Бірақ ол тұтас коронавирустар тұқымына жатады, олардың 7-еуі адамға зиян келтіреді. SARS-Co V-2 80 пайызға SARS-Co V-I-ге (2003 жылы ұқсас SARS ауруын қоздырған) ұқсас болып келеді. Зерттеушілер жылдар бойы осыған ұқсас вирустарға қарсы екпелерді жасау үшін еңбектенді. Бірақ аурулар азайған соң, бұл екпелерді қаржыландыру тоқтатылған. Бұл жасалған жұмыс COVID-19-ға қарсы екпелер үшін бастапқы ақпараттың көзі болды. Сондықтан ғалымдар коронавирусқа қарсы вакцина жұмысын нөлден бастаған жоқ деп айта аламыз. Әдетте вакцинаны дайындап шығару үшін 15 жыл қажет. Ал COVID-19-ға қарсы екпе әзірленген кезде бірде-бір зерттеу кезеңі назардан тыс қалмаған, кейбір кезендер бір уақытта өткізілген. Сондай-ақ COVID-19-ды жұқтыру дерегінің көп болуы мәліметтерді жедел түрде жинауға мүмкіндік берген. Әрі көптеген мемлекет вакцина зерттеулері үшін ауқымды қаражат бөлген. Мәліметтерді сараптау мен ғылыми рецензия беру әдеттегідей үрдіс соңында емес, үрдіс бойы үзіліссіз жүргізілген. Тәуекелге бел буған фармацевтикалық компаниялар алғашқа нәтижелерге сүйеніп, үшінші фаза аяқталмай тұрып екпе өндірісін ұйымдастырды. Сондықтан екпе тым аз уақытта жылдам дайындалды деп қобалжымаған дұрыс.

ӨҢІРДЕ ҚАНДАЙ ВАКЦИНАЛАР БАР?

Жоғарыда вакцинаның адам ағзасына әсері жайлы айттық. Енді аймақтағы жағдайға тоқталсақ, Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы С.Пазыловтың айтуынша, бетпердені шешіп, бұрынғы өмірге қайта келу үшін жалпы аймақ бойынша 371 мың адам коронавирусқа қарсы екпе алуы керек. Қазіргі таңда халықтың 14 пайызы ғана вакцина алып отыр. Бұл – өте аз көрсеткіш.

Өңірімізге «Спутник V», «QAZVAC»-қа қосымша Араб Әмірлігінен 5000 «Hayat-vax» екпесі әкелінген. «Спутник V» вакцинасы 20 градуста сақтауды талап етсе, «QAZVAC» пен «Hayat-vax» екпелері +2, +8 градуста сақтауды қажет етеді. Сол себепті бұл екпелер тасымалдап салу үшін өте тиімді. Бұл ретте емхана жылжымалы бригадалары халыққа қолжетімді жерлерде, сонымен қатар шалғай ауыл-аймақтарды аралап екпе жұмыстарын жүргізу жолға қойылған.

P.S. *Бүгін екпе жайлы елді аландатқан сауалдарға мамандар пікірін ұсындық. Келесі санда қолданысқа енген вакцина түрлеріне жеке шолу жасаймыз. Ал әзірге вирустан барынша сақтана жүріп, неғізсіз болжамдардан бойды аулақ ұстау маңызды...*

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Әкелер ерлігі ұмытылмайды

Жылда Жеңіс күні жақындаған сайын іштей мазасызданып, жиі есіме алатын бір өкінішім бар. Мектепке бармаған кезімде, 1963 жылы не 1964 жылы болу керек, анам абысын-ажындарын шақырып киіз басты. Сандық үстінде әдетте жүк жиналады. Ол сол күні сыртқа шығарылған. Қайдан алғаным есімде жоқ әкемнің орден, медальдарын уыстан алып, далада ойнап жүрген балаларға көрсеттім. Қайтып әкеліп пеш түбіне, төсектің астына тастағаным ғана есімде қалыпты. Қанша уақыт өткенін білмеймін, күндердің бір күнінде әкем Кәрім орден-медальдарын ізделп, қатты ашуланды. Мені осы кінәм үшін пешке салып жіберемін дегені есімде. Ол кезде пештің аузы ашық, жанған от көрініп тұратын.

Арада уақыт зырғып өте берді. 70 жылдары жұрттың тұрмысы түзелді. Ардагерлерге құрмет көрсетіле бастады. Мектепке кездесулерге шақыратын. Өзге ардагерлер 9 мамырда кеуделеріне орден, медальдарын тағып жүргенде, әкемнің алдында өзімді кінәлі сезіне бастадым.

Кейінірек әкемде бұрынғы марапатына сәйкес II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені, мерекелік медальдары, еңбек ардагері т.б. төс белгілері болды. Інілерім бала кезінде: «Папа, неше неміс өлтірдің?» деп сұраса, «кім білсін, олар атады, біз де атамыз, кімге тиіп жатқанын» деуші еді. Соғыс туралы көп айта бермейтін. Қолы да тимеуші еді. Жыл он екі ай маусымдық жұмыстар: қой қашырым, мал қыстату, қырға көшу, мал төлдету, жабағы қырқым, шөп дайындау, қозы қырқу, мал тоғыту, шопандарды жайылымнан жайылымға көшіру, қой қырқу, елге көшіру сынды толып жатқан таусылмайтын тірлік болушы еді. Соның бәрінің басы-қасында күн қатып, түн қатып әкем жүруші еді. Жұмысқа жүрдім-бардым қарамай жауапкершіліктен атқаратын. Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүрген жоқ. Әкем сондай бейнеткеш болатын. Шүкір, еңбегінің зейнетін көріп кетті. Былтыр Мәскеуде тұратын інім Ресейдің орталық архивінен әкеме қатысты, әкемнің екі немере бауырлары Әбдірәш Төлеуішов пен Сәндібек Дәубаевқа қатысты құжаттарды тапқанда қатты қуандық. Әкем 1943 жылы наурыз айында әскерге алынған. Самарқантта әскери оқу-жаттығуларда болады, мақта да тереді. Күзге қарай соғыс жүріп жатқан Украина жерінде соғысқа кіреді. 1944 жылдың 2 ақпанында аяғынан жараланып, Новосибирскідегі әскери госпитальда қырқүйекке дейін емделіп, қайта соғысқа оралады.





Әкемнің фамилиясы бір жерде Медеу Нарзубаевич, Медеу Норзубаевич болғандықтан Медеуов Карим деп іздегенде басында табылмаған. Медеу деген сөздің соңында екі дауысты дыбыс тұрғандықтан орыстар айтуға қиналған да, қате жазады. Әкемнің әкесі Медеу, атасы Наурызбай Шындәулетұлы. Ашайдан Күшікбай, одан Шындәулет туған. Наурызбайдан туған ағайынды үш кісінің балалары соғысқа кетіп, әкеміз ғана аман оралған.

Кезінде қаншама жанның өмірін жалмаған, тағдырларды тас-талқан еткен, қайғы, қасірет әкелген соғыс туралы кітаптар оқып, адамдар сабақ алып, енді соғыс болмайтын шығар деп ойлаушы едім. Қайда??!! Біз ес білгелі талай жерде қаншама қантөгіс болды... Мен қазір соғыс туралы атыс-шабыс киноларды көрмеймін. Бәлкім, қырғын зұлматты, оқ пен отты көзімен көрген әкемездің қаны бойымызда болған соң шығар?!

Сөзімнің соңында әкемнің мен жоғалтқан «Қызыл жұлдыз» ордені мен «Ерлігі үшін» медалін не үшін алғанын мақтанышпен құжат жүзінде айтқым келді. Әкелер ерлігі ұмытылмайды! Ұрпақтары оларды еске алып жүреді...

Сәрсен КӘРІМҚЫЗЫ

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНАН

Ұлы Отан соғысы кезіндегі айыптылар батальонының тарихы тым ауыр тарих. Тек екімыңыншы жылдардан кейін ғана штрафбат туралы фильмдер түсіріле бастады. Ал оның құрамында болғандар өзінің өткені жайлы өшкімге тіс жармастан өмірден өтіп кетті.

Айыптылар батальоны туралы шындық

Ұлы Отан соғысы басталған 22 маусымнан 1941 жылдың аяғына дейін НКВД қызметкерлері соғыстан қашқан 710 мың сарбаз бен офицерді, әскерге барудан жалтарып жүрген 71 мың адамды анықтады. 1944 жылдың шілдесі мен қыркүйегі аралығында НКВД, прокуратура және «Смерш» құрылымы 87 923 дезертир мен әскер қатарына бармай жүрген 82 834 адамды ұстайды. Олардың қатарынан 104 343 адам жергілікті әскери комиссариаттарға беріліп, сарбаздар қатарын толықтырды. Жалпы соғыстың басынан аяғына дейін әскерден қашқандар мен жау жағына өтіп кеткендердің саны 1,7–2,5 миллионға жуықтаған екен.

Соғыстың алғашқы айлары қызыл армияның жаппай қырылғанымен есте қалды. Осы кезде соғыстан қашу фактілері жиі орын алғаны белгілі. Ал жаудан тайсалып, бой тасалағандардың жазасы біреу ғана еді, ол – өлім. Осыған қарамастан шепті тастап, сытыла қашқандар да аз болған жоқ. Ал әскер қару ұстайтын сарбазға зәру еді.

Осы жағдайға байланысты 1941 жылдың қазан айында КСРО Қорғаныс халкомы офицерлерге соғыстан жалтарғандар немесе қашқандарды атуға тыйым салды. Өйткені қару асынатын адам саны әлде де жеткіліксіз еді. Бұл шешімнің алғашқы нәтижесі 1942 жылдың шілдесінде көрінді. № 227 «Қайтарға жол жоқ» бұйрығы шыққанға дейін бірінші айып ротасы құрылды.

Соғыс аяқталғанға дейін Қызыл армия сапында 60-тан астам айып батальондары және 1000-нан астам рота пайда болды. Айыптылар батальоны сапындағылардың мұнда келу себебі де әртүрлі болатын. 1942 жылдың тамыз айында Сталин мен бас штаб бастығы, генерал-полковник А.М. Василевский тағы бір құжатқа қол қойды. Енді танктегі сәл ақауды сылтау қылып, техниканы майдан даласына тастап кеткендер мен соғысқа қатысудан бас тартқандар саботаж және зиянкестік жасады деп есептеліп, айыптылардан арнайы құрылған танк роталарына жинақталатын болды. Олар қиын тапсырмаларға жегіліп, соғыс өтіне жіберілді.

10 қыркүйекте артиллерия генерал-майоры Аборенковтың бұйрығы шықты. Бұйрықта енді соғыстан қашқан жауынгер ғана емес қару-жарағын жоғалтқандар, бұзғандар да айып батальонына жіберілетін.

Соғыс кезінде әскерден жалтарғандар үшін 1941 жылдың 12 қарашасында кезек жетті. Ал 1942 жылдан бастап тылда жемқорлықпен айналысқандар да айып батальондарына жіберілді. Олардың арасында түрлі себеппен майдан даласынан табылғандар көп еді. Мысалы, жұмысқа 20 минуттан астам уақыт кешігіп қалса немесе жұмыс уақытында көшеде жүргендер де майданға жіберілді. Қайталап сөгіс алғандар да соғысқа яки айып батальонына аттандырылатын.

Айып батальоны туралы фильмдерден бөлім командирінің өкімімен кінәліні ұрып-соғатын эпизодты жиі көруге болады. Айып батальонында соғысқан ардагерлер мұны жалған дейді. "Біз қылмыскер болсақ та, өзімізді жауынгер санайтынбыз және сатқындық туралы ойланбайтынбыз." – деседі майдангерлер.

Жан тәнімен беріліп соғысқандар ақталып та жататын, соғысқа қатысқаны үшін оларға 4 жылға дейін, 2 айдан 7 жылға дейін, 3 айдан 10 жылға дейінгі мерзімі қысқартылатын еді.

Айыптылар арасынан ерлігімен көзге түскендер де көп еді. Мысалы, 1944 жылдың ақпанындағы Рогачев-Жлобин операциясында айып батальонының жауынгерлері ерекшеленді. 3-інші әскердің қолбасшысы генерал Горбатов 800 адамның 600-ін жеке бұйрықпен босатты.

Осындай батальонда шайқасқандар арасында Кеңес Одағының болашақ батыры Иван Федоров та болды. Ол 1942 жылы шілде айында ұшқыш-сынаушы ретінде алдыңғы қатарда болып, Калинин майданында өз еркімен қалды, ал тамыз айында ол жаңа құрылған айып эскадрилияларының бірін басқарды. Жанкештілігі мен шеберлігі үшін немістер Федоровты «Қызыл шайтан» деп атады.

ҚАҺАРМАНҒА АЙНАЛҒАН ҚАШҚЫНДАР

1962 жылы «Комсомольская правда» газетіне жазушы-журналист Василий Песковтың «Дезертир» атты очеркі шықты. Қаламгердің соғыстан қашып, өз үйінің шатырында 20 жыл жасырынған Николай Тонких туралы бұл шығармасы кейіннен «Шалғындағы қадам» атты кітабына еніп, кітап 1964 жылы Лениндік сыйлыққа ие болады.

Ал 2017 жылы «Аргументы и факты» басылымы 1941 жылы соғыстан қашып, 44 жыл бойы өзі туған Липецк облысындағы Яблонова селосында жасырынып жүрген Яков Томозов туралы жазады. Күндіз ұрада жасырынып, түнде ғана аулаға шығатын дезертир 1985 жылы ұсталыпты. Бірақ жазаға тартылмай, босатылған.

Қашқындардың ішінде ұзақ уақыт ұсталмай жүргені латыш Янус Пинупс.

Әуелгіде кеңестік, кейін ресейлік әскери прокурорлардан қашып жүрген ол тек соғыстың аяқталғанына тура 50 жыл толғанда, 1995 жылдың 9 мамырында жергілікті әскери комиссариатқа берілуге барған. Бұл кезде тәуелсіздік алған Латвиядан Ресей әскерлері әлдеқашан кеткен еді.

Кеңестік саясатқа қырын қарайтын латыштар келесі күні-ақ 70 жастағы Пинупсты ұлттық батырға балап шыға келді.

«ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ» ТУРАЛЫ ШЫНДЫҚ

Екінші дүниежүзілік соғыстағы бір түткілді мәселе «Түркістан легионына» қатысты. Осы легион туралы пікірлер көп айтылды. Әлі айтылып та жүр. «Түркістан легионы» дегенде, Алаштың ардағы Мұстафа Шоқай қоса аталады.

Гитлер Кеңес әскеріне қарсы Түркістан легионын құру туралы жарлыққа 1941 жылдың 22 желтоқсанында қол қойған. Ал, Шоқай сол жылдың 27 желтоқсанында белгісіз жағдайда қайтыс болады.

Қайраткер туралы дерек іздестіргендер оның немістерге қатысы туралы ешқандай мәлімет жоғын айтады. Керек десеңіз, МҚК тарапынан да туыстарына оның фашистермен мақсаттас болғаны жөнінде нақты дерек жоқ деп хабарлаған.

Аударған Е.АҚЫН

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологияның заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талабына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы білім меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Онлайн сабақтар

Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтан оқыту технологиясы. Сонымен қашықтан оқыту дегеніміз не? Қашықтан оқыту деген – мұғалім мен білім алушы арасында қандай да қашықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтетін оқытудың формасы, яғни интернет желінің көмегімен белгілі бір арақашықта оқу.

Оны ұйымдастырудың үш түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Вебинар дегеніміз – интернет желісінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы.

Қашықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйесін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт. Оған бірнеше талаптар қойылады: Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білу қажет. Қашықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралының негізінде дамуы туралы білуі қажет. Оқытушы ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылану қажет. Оқытушың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда, тұтынушылар арасында ақпарат алмасыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылану. Сондай-ақ оқу үрдісін қашықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

З.СҮГІРОВА

MAMAN MINBERI

Технологияның даму эволюциясы

Осы уақытқа дейін адамдарды идентификациялаудың сан алуан түрлері ойлап табылды. Мысалы, тарихта билеуші тұлғаларды ерекшелейтін арнайы мөрлер, қолтаңбалар, бүйымдар болды. Уақыт өте келе мыңдаған, миллиондаған адамдар жайлы ақпараттарды сақтау және идентификациялау үшін мұндай әдістер жеткіліксіз болды. Осы мақсатта 20 ғасырдың екінші жартысында логин және құпия сөз (пароль) терминдері енгізілді, содан соң идентификациялайтын прогрессивті даму жолындағы биометриялық технология пайда болды.

Биометриялық технологиялардың негізгі мақсаты – маңызды деректерді қолсұғушылықтан қорғау. Осы мақсатта адам денесіндегі әртүрлі із қалдыратын облыстарды идентификацияға қажетті ресурс ретінде пайдаланады. Бұл ғылымдағы алғашқы қадамдар б.з.д. ежелгі дуние тарихы кезеңінде пайда болды. Биометриялық технологиялардың алғашқы бастамалары ежелгі Вавилон мен Ассирия мемлекеттерінде басталған. Дегенмен биометриялық идентификация әдістерінің негіздері 19 ғасырға дейін толық сипатталмаған еді.

Парижде Альфонс Бертильон дененің әртүрлі бөліктерін өлшеу арқылы қылмыскерлерді тану және салыстыру әдісін жасады. Бұл жүйе жетілмесе де, ол адамдарды тану үшін антропометриялық деректерді қолдануға себепкер болды. 1880 жылдардан бастап полиция басқармаларында қылмыскерлерді идентификациялау үшін олардың саусақ іздерін зерттеу және салыстыру тактикасы кеңінен қолданылған. Эдвард Генри саусақ ізін тану жүйесінің стандартын жасаған соң, XIX ғасырда саусақ іздерінің иелері жайлы ақпаратты қамтитын арнайы деректер қоры құрылған. 1870 жылы Бертиллон антропометрияны ойлап тапты. Бұл адамдарды денелерінің ерекше белгілері, денелерінің суреттері және олардың физикалық сипаттамалары арқылы анықтау үшін қолданылатын әдіс.

2000 жылдары биометрияны қолдану қарқын ала бастады. 2010 жылдың наурызында Google дауыстық іздеудің бета нұсқасы YouTube-ке енгізілді. 2011 жылы ЦРУ Усама бин Ладеннің қалдықтарын растау үшін ДНҚ мен бет-әлпетті тануды қолданды. 2013 жылы Apple 5s, 6 және 6+ телефондарында, сондай-ақ iPad Air 2 және Mini 3 телефондарында қол жетімді Touch ID шығарды. 2018 жылы алғашқы MasterCard биометриялық картасы шығарылған кезде биометрияны коммерциялық қолдануда үлкен серпіліс болды. Бұл карта дүкендегі сатып алуды тексеру үшін саусақ ізі чиптерінің технологиясын біріктірді.

Әлемдік биометриялық деректер нарығының кірісі 2030 жылға дейін тұрақты түрде өседі деп болжануда. Биометрияның бай тарихы және болашағы бар. Саусақ іздерін идентификациялаудан басталған технология адамның дауысы, жүрек қағысы, тамырлары, тіпті көздің нұрлы қабықшасы арқылы тануды жүзеге асыратын дәрежеге жетті. Бұл технологиялардың қымбатшылығына қарамастан, адамдардың тұрмыс-тіршілігіне ене бастағанын байқауға болады.

Абдолла ӨРЕНҰЛЫ

ZHUREK SOZI

Мәртебеңе сай бол, мұғалім!

Ыбырай атамыздың «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» деген өлең жолдарын бұрын тек хат-хабар, телефон деп ұғынушы едік. Ұстаз бабаның көрегендігі мен әулиелігі сол, осыдан соншама алыс ғасыр бұрын бүгінгі әлеуметтік желілер арқылы жететін хабарлардың жылдамдығын да бағамдаған екен ғой деп пайымдаймын өзімше. Енді бірер уақыттан соң бұдан да жылдам инновация өмірімізге дендеп енетініне және шүбәсіз сенем. Өйткені жаңа ғасыр ұрпағының жаңашылдыққа ұмтылысында шек жоқ сірә. Хош, осы бір көз іліспес жылдамдық смартфон арқылы бізге жақсыны да, жаманды да жеткізіп отыр. Оны сұрыптап, сындарлы ой елегінен адамның өзі ғана өткізбесе, сол сәттегі эмоция, буырқанған қызба сезім сізді тіпті жалған ақпараттың да жеткізушісі етуі әбден мүмкін.

Әлем жаңалығы алақанымызда тұрғанда мына басы Жаңақорған, ана басы Арал дегеніміздің айналасында не болып жатқанын біліп, оқып отыру деген бұйым болмай қалды ғой қазір. Соның ішінде көсібіміз бір болғандықтан өзіміз де өтірік болса екен деп тілеген ақпараттың бірі instagram әлеуметтік желісі арқылы жеткен мұғалімдер мектепте сыра ішкен деген жанайқай желдей есті.

Мектеп дегенде мұғалім, оқушы, ата-ана деген үштік одақтың қарым қатынасы ғана сөз болу керек қой. Бұдан басқаның мәселе болып айтылуы бұл енді біздің құрдымға кетіп бара жатқанымызды ғана аңдатса керек. Сөз басында айтқандай, технология дамыған сайын адам ақылы тоқырауға кетіп бара жатыр. Әйтпесе мұндай сорақылықтың нысанына мектеп мұғалімі ілінетіндей не көрінді?! Жиырма жылдан астам уақыт жылап жүріп алған педагогтік мәртебеңнің құны осы болса, жыл сайын өсіп жатқан жалақың есінді алып, есіртіп жіберетін болса, ел енді кімге сенеді?!

Байырғыдан келе жатқан бір түсінік, мектеп дегеніміз – мешіттен кейінгі құтхана, қасиетті орда. Онда оқушылар білім алады, жақсыдан үйренеді, жаманнан жиренеді. Мектептегінің бәрі мінсіз болу керек. Әсіресе күні кеше табалдырығын аттаған көкірегі аппақ баланың көңілі қалмайтындай көркем мінез бен әдептіліктің, саф таза тәрбиенің нағыз ордасы болу керек. Педагог мәртебесінің аясында алдағы талап та осы үдеден табылу керек. Мұғалім мектептен тыс уақытта да өзінің мұғалім екенін ұмытпау керек. Әйтпесе шын жүректен шықпаған білім мен тәрбиенің бойға сіңуі де екіталай.

Гүлнұр АБДУЛЛАЕВА,
Жаңақорған ауданы,
Қожакент ауылы

BIZDIN MOLDIR ALEM

Достық туралы пайым

Қоғам адамдардың қарым қатынасынан, тіл табысуынан туратыны белгілі. Адам өзін қайсыбір ортада болсын қалыпты, тұрақты ұстай білсе, оны орнықты адам ретінде көреміз. Сондай орталарда өзінді еркін ұстайтын, емін-еркін араласатын адамдар шоғыры болады. Әдетте мұны достар деген сөздің шеңберіне сыйғызып жатамыз.

Алыс күндерде қалып қойған сонау балабақшадан бастап, мектепте, орта әлде жоғары оқу орнында, жұмыс орнында, тіпті өзіңе өмірдің қай арнасынан қосылғанын сезбей қалатын рухани жақын адамдар болады. Олар да сәлемі тұзу адам, тамыр-таныс адамдар, т.б. болып іріктеліп-іріктеліп, өмірдің өз сынағынан өтеді де, ең соңында тағы да жаңында санаулы ғана достарың қалады. Оны тағы өз ішінде адал дос, амал дос деп ажырататын болсақ, адамдардың бір бірімен қарым қатынасы мұнымен тоқтап қалмайды. Әркім өз басымен қайғы болып кеткенде адам тіпті өмірінің соңында доссыз қалуы да ғажап емес. Менің әкем айтатынындай, жас күнінде бәрі дос, бәрі жақын болғанмен, олардың да көзден бұл-бұл ұшқандай ғайып болатын сәттері келгенде абдырап, бүкіл қиындық өз басыңа келгендей, ауыр мұңға берілудің өзі түкке тұрғысыз болып қалады. Өйткені емші уақыт бәрін емдеп жазғанда, өз ісіңе өзің күлетін сәт келгенде мұның жай ғана өмір екенін, оның осындай болмашы сынақтардан тұратынын сезесің.

Азды-көпті ой толғай отырып, менің түсінгенім, жақсы адамда жаттық жоқ деген рас болса керек. Адам өзі жақсы болса, үйіріліп, оның жанынан адам арылмайды. Алайда басына іс түскенде ол да ешкімді таппай қалуы мүмкін. Сондықтан адамдармен қарым қатынаста қаншалықты жаймашуақ болсаңыз, соншалықты сергек әрі сындарлы болған жөн-ау деген ойға келдім.

Бауыржан ЖҮНІСОВ,
Қармақшы ауданы

БІЛІМНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

Еліміздің кемел келешегі – білім беру ісі мен жоғары технологияға негізделген ғылым саласындағы білікті кадрларға байланысты. Осындай әлемдік рейтингтерде алдыңғы қатардан көрініп, басекеге қабілетті мамандар дайындауда, жастарды еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуда танымал заманауи білім ордасы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

ҚазҰУ халықаралық деңгейдегі ғылыми-зерттеу университетіне айнала отырып, әлемдік университеттер рейтингінде үнемі алда келеді. Сонымен қатар 2020 жылы QS World University Ranking әлемдік рейтингінің нәтижесі бойынша ҚазҰУ әлемдегі ең үздік университеттер тізімінде 165 орынға ие болды. Бұл топта ТМД елдерінен тек Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғана бар.

Биыл британдық QS компаниясының халықаралық университеттер қызметінің кең ауқымдылығын дәлелдейтін зерттеуінде QS «Бес жұлдыз» белгісін иеленді. «Бес жұлдыз» белгісін иелену әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-білім беру саласында халықаралық қауымдастықта беделді екенін көрсетеді. Осылайша жетекші қазақстандық университет Орталық Азия мен ТМД-дағы көшбасшылығын тағы да дәлелдеді.

Өзім білім алатын тарих, археология және этнология факультеті отандық және шетел тарихы, археология, этнология, музей ісі мен ескерткіштерді қорғау, мұрағаттану саласында жоғары дәрежелі маман дайындауда. Факультет бүгінде алыс және жақын шетелдермен халықаралық ғылыми байланыс орнатып, факультет ғалымдары мен студенттері Ресей, Италия, Франция, Германия, Қытай және т.б. елдердің мамандарымен бірге ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Университет қабырғасында білім алатын студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-инновациялық әлеуетіне қолдау көрсетуде заманауи зертханалық база, ғылыми үйірмелер мен клубтар құрылған. Бүгінде университет ұлттық және халықаралық еңбек нарығында басекеге қабілетті мамандарды даярлап, білім беру және біліктілікті арттыру мақсатында еңбек етіп келеді. Осындай мүмкіндіктерге ие әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің студенті атану – асқақ арман, үлкен мақтаныш!

Андас ҚАЗБЕК

Футзалдан чемпиондар лигасында алматылық «Қайраттың» мерейі үстем екені белгілі. Еуропаның үздік төрттігіне енген «Қайраттың» биылғы жорығы жартылай финалда аяқталды. Испандық «Барсамен» финал жолдамасын сарапқа салған Кака шәкірттеріне ойында аз ғана сәттілік жетіспеді. Бірақ бұл бәсекеде жас қақпашы Нарун Серіковтың бағы жанды. 19 жастағы Нарун ойламаған жерден дебют жасап Еуропаға әпсәтте танымал бола шықты. Көрермен көзайымына айналған қақпашы Серіковпен жедел сұхбат алған едік.

Нарун СЕРІКОВ,
«Қайрат» футзал клубының қақпашысы:

КАКАНЫҢ СӨЗДЕРІ ҚУАТ БЕРДІ

– Нарун, чемпиондар лигасы аяқталды. Көңіл-күй қалай?

– Финалға өтпей қалғанымыз болмаса, көңіл-күй де, жағдайым да өте жақсы.

– Чемпиондар лигасында дебюттық ойын өткіземін деп күтпеген шығарсың...

– Дебют кездейсоқ болды. Негізі команда Хорватияға кеткенде мен Алматы қаласында болдым. Барлығы аяқ асты болды. Команданың екінші қақпашысы Дуду ойламаған жерден сырқаттанып, Алматы қаласына аттанып кетіпті. Кака бапкердің шақыртуымен Хорватиядан бірақ шықтым. Жіпіттермен жаттығу жасап, «Бенфикаға» қарсы өзге әріптестерім секілді тиянақты дайындалдым.

– «Бенфикамен» өткен ойынға оралайықшы. Игита қызыл қағаз алған сәтте қандай ойда болдың?

– Футзалдағы №1 турнир болғандықтан ең алдымен қобалжу болғанын жасырмаймын. Клуб басшылығы, бапкер, әріптестерім сенім артқан соң психологиялық тұрғыдан өзімді дайындадым. Командадағы ағаларым рухтандырып, жігер берді. Соның арқасында барлығы ойдағыдай болды деп ойлаймын.

– Алаңға шығар сәтте Кака бапкер өзіңе нұсқау берген шығар... Өзінді желпіндіретін қандай сөздер айтты?

– Иә, Кака бапкердің шығар сәтте айтқан сөзі әлі есімде. Жанына шақырып алып: «бапкерлік мансабымда ең алғаш рет чемпиондар лигасын екінші нөмірлі қақпашымен жеңіп алғанмын. Сол кезде әлгі қақпашыға ешкім сенбеді. Бірақ барлығы мен ойлағандай болды. Сондай жағдай бүгін қайталанып тұр» деп жігерлендірді.

– Алаңға кірген бойында «Бенфика» қақпадан саңылау тапты. Сол сәт көңіл күйге әсер еткен шығар...

– Қақпама гол жібергін сәтте көңіл-күйдің түскені рас. Бірақ есеп пен ұақытқа қарап өзімді қамшыладым. Ең бастысы, психологиялық тұрғыда берілмедім.

– Кездесуде қатарынан 3 соққыны кері қайтарып, Біржан Оразовтың гол соғуына мүмкіндік жасадың. Сол сәт матчтың ең керемет көрінісі болғаны жасырын емес. Жалпы өзіңнің ойынынды кездесуден кейін көрген боларсың?

– Ойын аяқталып, бәрі басылған соң ойынды тамашаладым. Қақпа маңындағы соққыларды қайтарған көріністерді қанша рет көргенім есімде жоқ. Бастысы, жақсы өткізген матчымды көріп мотивация алдым.

– Бұл сәтті көп армандаған шығарсың?

– Әрине, мұндай сәт әркімге беріле бермейтін бақ. Әр футзалшы чемпиондар лигасында ойнауды мақсат етеді және соны армандайды. «Бенфикаға» қарсы сол арман толығымен орындалды.

– Матч аяқталған соң негізгі қақпашы Игита мен Кака бапкер не айтты?

– Игита мың рет алғыс білдірді. Орнын жоқтатпағанын жеткізді. Қызыл қағазбен жазаланған сәтте өзін кінәлі санап, іштей жеп, уайымға кеткені анық. Әлеуметтік желі арқылы да рақметін жеткізді. Ал Кака бапкер "командаға бекерден бекер алмағанымды дәлелдедің" деді.

– Алғашқы дебютың сәтті өткенін барлығы көрді. Ең бірінші кімнің құттықтауын естідің?

– Команданың құттықтайтыны белгілі фактор. Ал алғашқы құттықтауды әкемнен қабыл алдым. Отбасыммен сөйлесіп, жылы лебіздерін естідім. Онан соң достарым, жақындарым, футболды көрген жанкүйерлердің де тілектерін тыңдадым.

– Футболда белгілі бір кумирің немесе идеалың бар шығар...

– Бала кезде Реал Мадридтың қақпашысы Икер Касильясты қарап өстік. Футзалға бет бұрғаннан кейін Игитаны пір тұттым. Жалпы өзіміз еліктеуді жақсы көреміз ғой. Бірақ бұл дұрыс емес. Игитаның өзі еліктемеуге ақыл кеңес береді. Себебі әркімнің өз ойыны қалыптасқаны дұрыс.

– Өзің жайлы оқырманға айта өтсең?

– Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының тумасымын. 4 сыныптан бастап Аягөз спорт мектебінде футболға қатыстық. 9 сыныптан кейін спорт мектебі Энергоколледжде футзал сүйер қауым жақсы біледі деп ойлаймын. Бірнеше футзал жұлдыздарын шығарды. Смен Пологутин бапкермен тілдесіп, іріктеуден өттік. Содан «Қайраттың» академиясына қабылданып, сол жақтан негізгі құрамға шақырту алдым.

– Не себепті қақпашы позициясын таңдадың?

– Әу баста алаңда ойыншы едім. Мектепаралық жарыста қақпашымыз Игита секілді қызыл қағаз алып кеткен соң, сол сәтте тұрып көруге тырыстым. Қақпаны құрғақ сақтап, тамаша сейвтер жасап, осы позицияға махаббатым ашылды.

– Кака бапкер Ұлттық құрамаға шақырту жөнінде ұсыныстар айтқан болар...

– Әлі толыққанды ұсыныс болған жоқ. Алдын ала құрама жөнінде әңгіме болғаны дұрыс емес. Алдағы уақытта өзімді жетілдіріп, лайықты шақыртуға ие болғым келеді.

– Еурокубокқа оралайықшы. «Бенфика» сапында «Қайраттың» бұрынғы ойыншысы Хосеби Тайеби ойнады. Хосеби экс командасына қарсы өте белсенді болғанын байқадық...

– Иә, Тайеби шеберлігі мол ойыншы ғой. Алаңда кім болсын өз командасы үшін барын салады. Бір жағынан достық деген ұғым болмайды. Ойын аяқталған соң барлық эмоция алаңда қалады. Тайеби бітісімен барлығымыздың қолымызды алып, артық кеткен тұстарына кешірім сұрады. Жалпы футбол осынысымен қызық қой.

– Керемет ойынына қарсы команданың ойыншылары бағалап, пікір білдіргені болды ма?

– Болды. Негізгі қақпашысы Ронкольо пікір білдіріп, алдағы мансабыма сәттілік тіледі. Жалпы қолымды алғандардың қарасы көп болды.

– Инстаграмдағы оқырманыңыздың саны екі есеге өсіпті. Дайректегі құттықтауларға жауап жазуға уақыт табылып жатыр ма?

– Бапкерлерім, ағаларым ойыннан кейін әлеуметтік желіде оқырман санын өсетінін біліп көңіл бөлмеуге шақырды. Ойткені назарды алдағы жауапты ойынға бөлген дұрыс деп ойладым. Турнир аяқталды, енді дайрекке асықпай қарайтын боламын.

– Жанкүйерлерге жеткізер жылы лебізің болса...

– Жалпы бізді қолдап, көгілдір экранның арғы шетінде жанкүйер болған көрермендерге алғыстан басқа айтарым жоқ.

Жеребе жолдас болды ма?

2023 жылы Аустралия мен Жаңа Зеландияда футболдан әйелдер арасында жалауы желбірейтін әлем чемпионатының іріктеу турнирінің жеребесі тартылды. Қазақстанның бұрымдылары I тобына түсті. Қарсыластарымыз – Франция, Уэльс, Словения, Греция және Эстония құрамалары. Барлығы тоғыз топ бар. Әр топтың жеңімпаздары бірден мундиальда күш сынасу құрметіне ие болады. Ал екінші орынды еншілегендер өзара шеберлік байқасу арқылы қалған жолдамаларды сарапқа салады.

Өзге құрлықтарды қоса алғанда әлем чемпионатында барлығы 24 мемлекеттің өкілі өнер көрсетеді. УЕФА-ның құрамындағы командалар арасында іріктеу турнирі ағымдағы жылдың 13 қыркүйегінде басталып, келесі жылдың қазан айында өз мәресіне жетеді.

Еске сала кетейік, әйелдер арасындағы әлемдік доп дода 1991 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Сол жарыстардың төртеуінде АҚШ-тың арулары алдына жан салмаса, Германияның бұрымдылары екі мәрте дара шықты. Норвегия мен Жапонияның сұлулары бір-бір реттен бас жүлдені олжалады.

"ҚАЙСАР" КЕНШІЛЕРМЕН ҰПАЙ БӨЛІСТІ

Қызылордалық "Қайсар" Olimpbet Қазақстан чемпионатының 9 турында "Шахтерге" қонаққа барды.

Бас төреші Сергей Гороховодацкийдың ысқырығынан кейін қос команда да шабуылға ден қойды. Кездесудің 7 минутында Виталий Балашов есеп ашып, алаң иелерін алға шығарды. Қақпасына гол енгізіп алған қасқырлар сол сәттен бастап алаң иелерін қыспаққа алумен болды. Ойынның 80 минутында "Қайсар" гол соғатын мүмкіндікке ие болды. Думан Нәрзілдаевтың бұрыштамадан асырған добын Павлов өз қақпасына енгізіп алды. Осылайша Астана аренада өткен кездесу 1-1 есебімен аяқталды.

«Шахтер» – «Қайсар» 1-1

Голдар: Балашов 7 (1-0), Павлов өз қақпасына 80 (1-1)

Қайсар: Леонов, Битанг (Усман 58), Денкович (Абзалов 58), Карпович, Кенесов (Кадимян 75), Лаукжемис, Әмірсеитов (Махан 71), Нәрзілдаев (к), Потапов, Рудосельский, Чадженович (Байжанов 46).

Бетті дайындаған Ерасыл ШӘРІБЕК

Баласының тәрбиесі алаңдататын әр ата-ана кітап іздеп оқитыны бөлгілі. “Ең мінсіз ата-ана – әлі баласы жоқ адамдар” дегендей, бұл кітапты балалы болғанға дейін өзге көзқараспен оқысаңыз, балалы болған соң қайталап оқып көріңіз. Сонда міндетті түрде алдыңғы оқығанға қарағанда жақсырақ түсінесіз, басқаша ой қорытасыз.

Бала тәрбиесі туралы 5 кітап

Мағжан Жұмабаев
“Педагогика”

“Тәрбие – баланы кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру” деп басталады. Қазіргі кезде жиі айтылып жүрген “баланы өсір де, еркіне жібер” деген сөзді Мағжан сол заманда-ақ айтып кеткен.

Баланың дене тәрбиесінен бастап, ақыл тәрбиесі, сұлулық һәм құлық тәрбиесі толық қамтылған. Бала тәрбиесі туралы ілімді осы кітаптан бастау керек.



Бауыржан Момышұлы
“Ұшқан ұя”

Батырдың қаламынан туған бұл шығарма – “этнографиялық энциклопедия”, яғни қазақ салт-дәстүріне байланысты барлық жөн-жоралғы жазылған. Әжесі Қыстумастың тәрбиесі, әкесі Момыштың Бауыржанға жеті атасын үйреткен тұсы балама оң тәрбие беремін деген ата-анаға үздік үлгі болады. Өз елінің әдет-ғұрпын санасына сіңіріп өскен бала жаман болмайды.

Алма Қыраубаева
“Жаным садаға”

Ерекше мектеп ашып, ұстаздық ұлы жолдан өткен педагог бұл кітабында балалармен қарым-қатынасы жайында жазған. Әр тәрбиелеуші баланың жанына, ішкі әлемінің тереңіне үңілу керек деген ой айтылады. “Тентек балаларды көбірек жақсы көру керек” дейді, бұл сөзінің мәнін ұққыңыз келсе, кітапты оқыңыз.

Мәлік Ғабдуллин
“Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес”

Авторды танысаңыз, кітап не туралы екенін де бағамдайсыз. Кеңес Одағының батыры балаларды ерлік рухқа қалай тәрбиелеуге болатынына нұсқау беріп, мысал келтіре отырып жазады. Сонау тарихқа көз жүгіртіп, бүгінгі кезеңге дейін жетелеп әкеледі. Тәрбие беруде саналы тәртіп пен патриоттыққа үндеу мәселесін көтереді.

Анатолий Некрасов
“Материнская любовь”

“Бала, бала” деп күйеуіне көңіл бөле алмай қалсаң, дұрыс тәрбие болмайды. Ата-анасының бір-біріне деген махаббаты баланың дені сау, күш-қуаты мол боп өсуіне себеп болады. Кітап тілі күрделі емес, тез қабылдауға болады.

Көктемде адам ағзасы әлсіреп, иммунитеті төмендейді. Індеттің өршіп тұрған тұсында дәруменге бай тағамдарды жеген абзал. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен онлайн брифингте медицина саласының мамандары иммунитетті көтерудің 7 тәсілін айтты.

Иммунитетті көтерудің 7 тәсілі

– Иммунитетті қалыптастырудың 7 тәсілі бар. Бірінші, дәрумендерді қолдану. Яғни, қоңыр түсті асқабақ, баклажан, қызанақ, қызыл алма, сәбіз тағысын тағы. Екінші тәсіл, дұрыс тамақтану. Күніге көкеніста 600-700 грамға дейін жеу қажет. Иммундық жүйені мықты ұстайтын келесі дуние ол – ет және сүт тағамдары. Сүт тағамдарын 200-300 грамға дейін ішуге кеңес береміз. Себебі ол организмдегі керек емес шлактарды сыртқа шығарып тастайды. Сондай-ақ, иммунитет көтеру үшін антибиотиктер де пайдалы. Шыныңын, дене тәрбиесімен айналысудың да бұл тұрғыда әсері мол. Саламатты өмір салтын ұстану да осы критерийге кіреді. Ал жетінші тәсіл, уақытылы тыныңу. Тыныштықта отырып, организмді тынықтыру, 8 сағаттық ұйқы имундық жүйе үшін маңызды, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің басшысы Бибізада Дуйсенбаева.

Сондай-ақ мамандар қазіргідей қиын кезеңде ел болып вакцина өктірудің маңызды екенін айтып отыр. Ол үшін қазір облыста коронавирус инфекциясының алдын алу мақсатында халық көп шоғырланатын ХҚКО, Теміржол вокзалы, Автовокзал, сауда орындары, орталық базарлар, Қызылорда автобус паркі, білім беру мекемелерінде ақпараттандыру жұмыстары жалғасуда.

– Қазір қауіпті аймақта тұрмыз. Елдің қорқынышы әлі де сейілмей тұр. Бүгінде тұрғындар тарапынан «Вакцинаны қайдан аламыз?», «Егу жұмыстары тегін жүргізіле ме?» деген сияқты сұрақтар жиі түседі. Осындай халық сауалдарына жауап беру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Жыл басынан бері облыстық денсаулық сақтау басқармасының арнайы Call-орталығының байланыс нөмірі жазылған үнпарақтар таратып, COVID-19 қарсы өңірдегі медициналық санитарлық алғашқы көмек көрсету ұйымдарының егу пункттері туралы ақпараттандырдық. Сондай-ақ қала мен ауданның көрнекті жерлеріне «Вакцинацияны тегін алыңыз!» деген баннерлер ілінді, – деді облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы директорының орынбасары Толқын Мұханбетқызы.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Абайдың асуы

Тағыберген Абай Тағыбергенұлы 1994 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген. №23 мектеп-лицейді тәмамдаған. Болашақ университетінің «Журналистика» мамандығында білім алған. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Жас журналистер арасында өткен конкурстың II орын иегері, облыс әкімінің «Жас дарын», қала әкімінің «Ұшқыр қалам» номинанты. Бүгінде облыстық білім беру басқармасының баспасөз хатшысы.

“Әр адам өз тағдырын өзі жасайды деген ұғым бар. Шынын айтсам, жағалауы жоқ теңізбен тең журналистикаға бала кезден қызықтым десем артық болар. Жоғарғы сыныпты оқып жүргенде телеарнаға деген ішкі қызығушылық мені осы бағытқа итермелеп тұрды. Тіпті сыныпта бірнеше баланы бірікстіріп, кішігірім сұқбат алып, мектеп өмірінен репортаждар беретінмін. Әрине, мұның бәрі қоңырау кезінде немесе сынып сағатының уақытында ғана мүмкін болатын. Одан қалды мектептің «23 және біз» атты жеке қабырға газетіне де мақалалар бере бастадым. Қазіргі уақытпен өлшегенде мақала деуге келе қоймас, бірақ ойға қонған дуниелерді шимайлап, қағаз бетіне түсіріп, әйтеуір мақала жазып шығатынбыз. Оқу бітіргеннен кейін журналистикаға бет буратынымды айқын білдім. Ата-анамның да ықпалы да осы жолға түсуіме сеп болды. Бірақ, ақиқаты, менің журналист болып қалыптасуыма осы саланың бел ортасында жүрген ұстаздарым бағытымды бекемдеуге үлес қосты” – дейді журналист.

Бүгінде Абай Тағыбергенді танымайтын адам аз. Ол әлеуметтік желіде кез келген тақырыпта ойын білдіріп жүрген журналистердің бірі. Онымен қоса тұшымды жазбаларды да байқауға болады. Ютуб каналдары арқылы жасалған сұқбаттары сәтті шығады. Стэндап жасаудың хас шебері.

“Жазу-сызудың машақатын бір кісідей түсіндіре білген Нұрлан Көбегенұлынан талай жылға жүк болар тәлім алдым, журналистің қоғамдағы қызметінің терең екенін ұқтық. Нұрлан Көбегенұлының редакторлығымен шығатын республикалық қос басылым «Әлімсақ» журналы мен «Ұстаз мәртебесі» газетінде жауапты хатшы қызметін атқардым. Өмірде ағалық жол көрсеткен Болат Жұмабаев, Қамбар Бекенов, Әділбек Жақановтың да қамқорлығын көрдім” – дейді журналистикаға жол көрсеткен ағалары туралы.

Абайдың болашағынан зор үміт күтуге болады. Ол бұл қарқынмен үлкен жеңістерге қол жеткізеді. “Аллаға шүкір, ойға алған мақсаттар ретімен жүзеге асып келеді. Қазір тілдік білімімді жетілдіруге жұмыс жасап жүрмін. Мұнымен қоса ой әлеміне жетелейтін кітаптар оқып, білімімді толықтыру үстіндемін. Жас журналист ретінде әлі көтерер тақырып та, мәселе де жетерлік. Алдыңғы буын ағалардың жолын жалғап, журналистикада өз жолымды табу – мақсатым” – дейді Абай.

JULDYZ – JORAMAL

(7-15 мамыр)

ТОҚТЫ
Үлкен нәтижеге жету үшін көп күш жұмсау керегі айдан анық. Сондықтан да қолға алған ісіңіздің барынша нәтижелі болуын қаласаңыз, аяныңп қалмаңыз. Алтын уақытты қадірлеп, әр сәтті тиімді жұмсай біліңіз.

ТОРПАҚ
Адамның жаман қасиеттеріне назар аударма ған жөн. Қызметте бірқалыпты болғанымен, отбасыңызда түсінісеушілік орын алуы ықтимал. Жақындардың жаман жағын емес, жақсылығын көре білгеніңіз өзіңізге де жеңілдік алып келеді.

ЕГІЗ
Жақындардан көңіліңіз қалатын сәттер болуы мүмкін. Мойымаңыз, кеткен қателікті түсініп, дұрыс шешім қабылдай білген жөн. Қатты шаршап жүргендіктен, өмірге деген көзқарасыңыз өзгереді. Бойыңыздағы барлық күш қуатыңызды жинап, тек алға ұмтылыңыз. Талаптың ерге жүзетінін ойыңызда ұстаңыз.

ШАЯН
Жеке өміріңізге ерекше назар аудару қажет. Абайсызда жақын адамның көңілін қалдырып қоюыңыз да ықтимал. Сондықтан ашуыңызды жүгендеуге тура келетін болады. Жалпы бұл күні өзіңіздің ішкі жан дуниеңіздегі өзгерістерге құлақ салатын уақыт. Жауапты істі бастамас бұрын, барлық жаман-жақсыны таразылап көрген жөн.

АРЫСТАН
Бұл күні құлағыңызды жағымды жаңалықтарға тұре жүріңіз. Ұзақ уақыт мазалаған шаруалар оң шешіліп, жақсы көңіл-күй сыйлайды. Бақытты кезендерді отбасыңызбен немесе жақын адамдармен бөліскен дұрыс. Ең бастысы, салмақтылық пен сабырлылық таныта біліңіз.

БИКЕШ
Достарыңызбен жүздесулеріңіз мүмкін. Олар сіздің үлкен жауапкершілікті күтеді. Ең бастысы, бұл апта сізге жағымды жаңалықпен қатар жағымсызын да тарту етуі мүмкін. Қандай жағдайда да өз-өзіңізге деген сенімді жоғалтпаңыз.

ТАРАЗЫ
Жақсы мен жаманды ажырату адам баласына өте ауырға түсетін дуние. Жұлдыздар барлық жақсы-жаманды айырып, таразалай білу қажет дейді. Жақын достарыңыздың сатқындығын сезгендей болуыңыз әбден мүмкін. Дегенмен барлығына сабырлылық танытыңыз. Өмір ақ, қара жолақтардан тұратынын ұмытпаңыз.

САРЫШАЯН
Денсаулығыңызға назар аударыңыз. “Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын изде” демекші, күннің көзі салқындау күндері далаға шығудан бас тартқан жөн. Аптада отбасыңызбен көбірек уақыт өткізіп, өзіңізге берік болған абзал.

МЕРГЕН
Келер күнде өзіңізге көбірек көңіл бөліңіз. Қыруар шаруа жасаймын деп, сәтсіздікке ұшырап қалмаңыз. Бұл күн ішінде жұлдыздар сізге бөлсенді болмауға кеңес береді. Асықпай-аптықпай жасаған ісіңіздің жемісін жейтін боласыз. Іскерлік жағдайыңыз да біраз тыныштыққа кенелетін болады.

ТАУЕШКІ
Қыдыруға дайындалып жатқандардың жолы болмақ. Көңілді дос жарандардың ортасында көңілді кештерді өткізетін уақыт туды. Қажетті сәтте өз өзіңізді тоқтата білу қажет. Бұл қуаныштар да қалтаны қағуы әбден мүмкін.

СҰҚҮЙҒЫШ
Салғыттыққа бой алдырмаңыз. Сәл ғана демалыстың өзі жеке өмірде үлкен мәселенің туындауына алып келеді. Сондықтан аса бөлсенді болып, кішкентай іске де баса назар аударған жөн. Бұл апта сізге қиындау түскенімен, кейін жемісін де көресіз.

БАЛЫҚ
Келер күннің ырысы жетіп артылады. Тек барлығына көңіл бөліп үлгерсеңіз болғаны. Бастаған барлық ісіңізде жетістікке жетесіз. Қызметте біршама өзгерістер болады. Шығармашылық жолда жүрген жандардың өмірі жаңа шабытқа толы болады.

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г күәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр айтаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU басна үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastarygmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 657